

Оқушылардың оқу жетістіктерін
критериалды бағалау жүйесін
жетілдіру бойынша
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ

по совершенствованию системы критериального
оценивания учебных достижений школьников

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы**



**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН КРИТЕРИАЛДЫ
БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесімен баспаға ұсынылды (2023 жылғы 3 қарашадағы №8 хаттама).

Рекомендовано к изданию Научно-методическим советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол №8 от 3 ноября 2023 года).

Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 166 б.

Методические рекомендации по совершенствованию системы критериального оценивания учебных достижений школьников. – Астана: Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, 2023. – 167 стр.

Бұл әдістемелік ұсынымдарда толық теориялық ақпаратты және сыныпшілік бағалауды жүзеге асырудың практикалық стратегиялары бар. Критериалды бағалау бойынша халықаралық және отандық тәжірибенің салыстырмалы талдауы ұсынылған. Сонымен қатар, әдістемелік ұсынымдарда сыныпшілік бағалаудағы мұғалімдердің сәтті кейстары қамтылған.

Әдістемелік ұсынымдар орта білім беру ұйымдарының әкімшілігіне, педагогтер мен әдіскерлерге ұсынылған.

Настоящие методические рекомендации содержат подробную теоретическую информацию и практические стратегии по реализации внутриклассного оценивания. Представлен сравнительный анализ международного и отечественного опыта критериального оценивания. Наряду с этим, в методических рекомендациях содержатся успешные кейсы педагогов по внутриклассного оценивания.

Методические рекомендации рекомендованы администрации организаций среднего образования, педагогам и методистам.

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2023
©Национальная академия образования
имени И. Алтынсарина, 2023

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	10
1. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ.....	12
БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ РӨЛІ.....	12
ОРТА БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗДЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАРДА БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ	13
ШЕТ ЕЛДЕРДЕ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫ ІСКЕ АСЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	29
ҚАЗАҚСТАНДА КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫ ІСКЕ АСЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	64
2. ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР	68
СЫНЫПТА БАҒАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ	68
МҰҒАЛІМДЕРДЕ ҚИЫНДЫҚТАР ТУДЫРАТЫН БАҒАЛАУ КЕЗЕҢДЕРІ	72
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫН САБАҚ МАҚСАТТАРЫНА ТҮРЛЕНДІРУ	75
САБАҚТЫҢ МАҚСАТТАРЫНА / ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫНА СӘЙКЕС БАҒАЛАУ ӨЛШЕМШАРТТАРЫН ӘЗІРЛЕУ	81
САРАЛАНҒАН ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ТАПСЫРМАЛАР ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ДЕСКРИПТОРЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУ	85
ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ БАҒАЛАУ	92
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ЖӘНЕ ӨЗАРА БАҒАЛАУЫ.....	97
КЕРІ БАЙЛАНЫС БЕРУ (РУБРИКАЛАР, ЖАЗБАША ЖӘНЕ АУЫЗША ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ Т. Б.)	107
ҚОРЫТЫНДЫ	141
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ	145
ҚОСЫМША.....	148

КЕСТЕЛЕР ТІЗІМІ

1.1-кесте. ЭЫДҰ-ға мүше елдер мен серіктестер мемлекеттердегі орта білім беру саласындағы негіздемелік құжаттардағы бағалаудың рөлі мен міндеттерін айқындау.....	15
1.2-кесте. Критериалды бағалау бойынша педагогтерге қажетті құзыреттер тізбесі (Небраска, АҚШ).....	33
1.3-кесте. Формативті бағалау шеңберінде мұғалім мен оқушы рөлі (Висконсин, АҚШ)	35
1.4-кесте. Критериалды бағалау бойынша педагогтерге қажетті құзыреттер тізбесі (Небраска, АҚШ).....	37
1.5-кесте. Критериалды бағалау бойынша мектеп басшыларына қажетті құзыреттер тізбесі (Небраска, АҚШ).....	40
1.6-кесте. Критериалды бағалау бойынша оқушылар мен олардың отбасыларына қажетті құзыреттер тізбесі (Небраска, АҚШ).....	41
1.7-сурет. Біртұтас бағалаудың негізгі ерекшеліктері (Сингапур).....	45
1.8-кесте. Бір мектептің мысалында 3-сыныпқа арналған бағалау әдістеріне шолу (Сингапур).....	45
1.9-кесте. Формативті бағалау сипаттамаларының өзгеруі.....	47
1.10-кесте. Австралиялық мұғалімнің кәсіби стандартындағы педагогтердің бағалау дағдыларына қойылатын талаптар (Австралия)	50
1.11-кесте. Бағалау тәсілдерін трансформациялау (Жаңа Зеландия)	53
1.12-кесте. Мектептердің есептілігі аясында біржақты есеп беру мен мазмұнды ақпарат алмасудың басты айырмашылықтары (Жаңа Зеландия).....	63
2.1-кесте. Формативті және жиынтық бағалаудың мақсаты.....	67
2.2-кесте. Оқу мақсаттары мен сабақ мақсаттары арасындағы айырмашылықтар.....	75
2.3-кесте. «Өнер» және «Фотошопты қолдану» пәндік бағыттары мысалында оқыту мақсаттары мен сабақ мақсаттары арасындағы айырмашылықтар (АҚШ).....	76
2.4-кесте. Оқу деңгейлерінің оқу мақсаттарына және сабақтағы әрекеттерге сәйкестігі.....	77
2.5-кесте. Сабақтың мақсаттарын дұрыс қою бойынша мұғалімдердің өзін-өзі және өзара диагностикасы.....	79
2.6-кесте. «Орыс тілі» пәні бойынша жазбаша жұмыстарды бағалау өлшемшарттарын әзірлеу мысалы (Қазақстан).....	81
2.7-кесте. «Пайыздар» бөлімі үшін «Математика» пәні бойынша жазбаша жұмысты бағалау өлшемшарттарын әзірлеу мысалы (Қазақстан).....	82
2.8-кесте. Биология, математика, тарих және әдебиет пәндері мысалында сабақ мақсаттарына негізделген бағалау өлшемшарттарын әзірлеу мысалдары (АҚШ)	83
2.9-кесте. Оқу мақсаттарын бағалау өлшемшарттарына және тапсырма дескрипторларына түрлендіру мысалдары	85
2.10-кесте. Ағылшын тілі сабағында дескрипторларды құрастыру мысалы (Қазақстан).....	87
2.11-кесте. Алгебра сабағында дескрипторларды құрастыру мысалы (Ресей)	88
2.12-кесте. Формативті бағалауда мультимедиялық технологияларды қолдануға арналған қызметтер мен құралдардың мысалдары	90
2.13-кесте. «Алгебра» пәні бойынша көп деңгейлі тапсырмалардың мысалы, 7-сынып, сабақ тақырыбы: «Сызықтық теңдеулер жүйесін шешу»	92
2.14-кесте. ЕББҚ бар оқушыларға арналған тапсырмаларды бейімдеу мысалдары (АҚШ).....	95
2.15-кесте. Білім алушылардың бағалауға қатысу деңгейлері	98
2.16-кесте. Мұғалімдерге өзін-өзі тиімді және өзара бағалауды ұйымдастыруды қолдау бойынша ұсыныстар	100
2.17-кесте. Мұғалімдер сабақта қолдана алатын өзін-өзі және өзара бағалау әдістері.....	101
2.18-кесте. Білім алушылардың үлгерімін мониторингтеу түрлері.....	106
2.19-кесте. Дұрыс және дұрыс емес кері байланыстың мысалдары.....	109
2.20-кесте. Тиімді кері байланыс кезеңдері (Канада)	110
2.21-кесте. Тиімді кері байланыс мазмұны (АҚШ).....	111
2.22-кесте. Сындалы кері байланыс тұжырымдамаларының мысалдары (Ұлыбритания).....	114

2.23-кесте. Кері байланыс түсініктемелері бар есеп карточкасының (report card) мысалдары (АҚШ)	115
2.24-кесте. Кері байланыстың есеп карточкаларын жасау бойынша ұсыныстар (report cards).....	118
2.25-кесте. «Күнделік» электрондық журналында кері байланыс беру мысалы (Қазақстан)	119
2.26-кесте. Педагогтар мен білім алушылар үшін бағалау рубрикаларын пайдаланудың артықшылықтары	120
2.27-кесте. Бастауыш мектеп деңгейіндегі жазбаша жұмысты бағалауға арналған тұтас (holistic) бағалау рубриканың мысалы (Сингапур).....	121
2.28-кесте. Мәтінге негізделген жазбаша жұмысын бағалауға арналған аналитикалық (analytic) рубриканың мысалы (США)	122
2.29-кесте. Оқушылардың жазбаша жұмысын / жобаларын бағалауға арналған аналитикалық рубриканың мысалы (АҚШ)	125
2.30-кесте. Бір нақты критерийге бағытталған бағалау рубриканың мысалы, «Информатика» пәні (Австралия)	126
2.31-кесте. «Өлшенген» бағалау рубриканың мысалы (Канада).....	127
2.32-кесте. Математика сабағындағы бағалау рубриканың мысалы (Англия).....	128
2.33-кесте. Бағалау рубрикасын ескере отырып, оқушылардың өзіндік рефлексиясына арналған нысан	130
2.34-кесте. Оқушылардың өзіндік рефлексия құралдары	133
2.35-кесте. Рефлексия мен өзіндік рефлексияның бірлескен тәсілдерінің нұсқалары.....	134
2.36-кесте. Оқу іс-әрекетінің әртүрлі кезеңдерінде рефлексияны қолдану.....	136
2.37-кесте. Оқытуды жақсарту үшін бағалау деректерін пайдалану жолдары.....	139

СУРЕТТЕР ТІЗІМІ

1.1-сурет. «Бағалау – оқыту – оқу бағдарламасы» үшбұрышы	12
1.2-сурет. Стратегиялық бағалау жүйесі (Висконсин, АҚШ)	32
1.3-сурет. Формативті бағалау процесі (Висконсин, АҚШ)	35
1.4-сурет. «Сингапурлық оқыту практикасы (STP)» моделіндегі «Педагогикалық практика» блогының мазмұны	43
1.5-сурет. Оқушыға бағытталған формативті бағалау процесінің шеңбері (Сингапур)	48
1.6-сурет. Тиімді бағалау принциптері (Жаңа Зеландия).....	55
1.7-сурет. Жаңа Зеландияның білім беру жүйесінің әртүрлі деңгейлеріндегі бағалау нәтижелері туралы ақпаратты пайдалану	57
1.8-сурет. «Білім алушы» сынып қатысушыларының рөлі (Жаңа Зеландия).....	58
1.9-сурет. «Білім алушы» мектеп қатысушыларының рөлі (Жаңа Зеландия).....	59
1.10-сурет. «Білім алушы» сектор қатысушыларының рөлі (Жаңа Зеландия).....	60
1.11-сурет. Оқушыларды бағалау нәтижелері туралы мұғалімдердің кәсіби пікірінің құрамдас бөліктері (Жаңа Зеландия).....	62
2.1-сурет. Критериалды бағалау құрылымы	64
2.2-сурет. Нормативтік (дәстүрлі) және критериалды бағалаудың айырмашылықтары	65
2.3-сурет. Формативті бағалаудың ерекшеліктері.....	66
2.4-сурет. Жиынтық бағалаудың ерекшеліктері.....	67
2.5-сурет. Формативті және жиынтық бағалауды іске асыру кезеңдері	71
2.6-сурет. Оқу үшін бағалау «кезеңдері»	99

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАРЫ

Критериалды бағалау – білім алушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелермен әзірленген өлшемшарттар негізінде салыстыру процесі

Бағалау өлшемшарттары (критерийлер) – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізуге негіз болатын белгілер

Дескрипторлар – тапсырманы орындау үшін нақты әрекеттерді сипаттайтын және белгілі бір баллдық салмағы бар сапалық сипаттама

Рубрика – бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейлерін сипаттау тәсілі

Жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі

Формативті бағалау – сыныптағы күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылардың оқу материалын меңгеру деңгейінің ағымдағы көрсеткіші, оқу барысында білім алушы мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысы болып табылады. Оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді

Модерация – бағалаудың объективтілігін және айқындығын қамтамасыз ету үшін балдарды қоюды стандарттау мақсатында тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың жұмысын талқылау процесі

Кері байланыс – бұл оқу процесі аясында мұғалім мен білім алушы арасында екіжақты ақпарат алмасу процесі. Кері байланыс білім алушының оқудың қай кезеңінде екендігі, нәтижеге қалай жететіні және кемшіліктерді түзету үшін не істеу керектігі туралы ақпарат береді

Рефлексия – бұл өзін-өзі тануға, өз іс-әрекетінің нәтижелерін қайта қарауға және талдауға бағытталған ойлау процесі

Балл қою схемасы – мұғалімдер тоқсанға жиынтық бағалау тапсырмаларына балл қою бойынша бірыңғай нормаларды белгілеу үшін қолданатын схема

Білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейі – бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін дамыту дәрежесі

Ойлау дағдыларының деңгейлері – оқу мақсаттарының иерархиялық жүйесі, оның әр деңгейі белгілі бір ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған

Оқу бағдарламасы – әрбір оқу пәні бойынша меңгеруге жататын білімнің, біліктің, дағдылар мен құзыреттердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама

Ортақ тақырып – белгілі бір оқу пәнін оқыту мақсатына жету үшін әр түрлі пәндік салалардағы білім мен дағдыларды біріктіру құралы ретінде қолданылатын мазмұнның біртұтас компоненті

Оқытудан күтілетін нәтижелері – оқыту процесі аяқталғанда білім алушының нені біліп, түсініп, көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы

Бағалау нәтижелерін тіркеудің электрондық журналы – формативті және жиынтық (бөлім / ортақ тақырып бойынша, тоқсан) бағалау нәтижелері жазылатын және тоқсандық, жылдық және қорытынды бағаларды автоматты түрде есептеу жүзеге асырылатын электрондық құжат

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

МЖМББС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
ҚР ОАМ	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
ҰБА	Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
ЕББҚ	Ерекше білім беру қажеттіліктері
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
БЖБ	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау
ЖМБ	Жаратылыстану-математикалық бағыт
ҚГБ	Қоғамдық-гуманитарлық бағыт
ТЖБ	Тоқсандық бойынша жиынтық бағалау
ББ	Білім басқармасы
ФБ	Формативті бағалау

КІРІСПЕ

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің алдында оқушыларды оқыту мен бағалауға көзқарастарды өзгерту бойынша маңызды міндет тұр. Олар болашақта жеделдетілген технологиялық және цифрлық дамытуды, әлемнің өзгергіштігі мен белгісіздігі жағдайында, өздерінің кәсіби және шығармашылық әлеуетін іске асыруда табысқа жетуі үшін қажет. Демек, 21 ғасырдағы педагогтердің рөлі әр оқушыға өмір бойы білім алуға көмектесу болып табылады.

Жоғарыда аталған міндетке қол жеткізу үшін мектеп оқушыларының не және қалай оқытынын объективті және толық өлшей алатындай және ішкі бағалауды ұйымдастыру ерекше маңызды болып табылады. Бұл мұғалімнің басымдығы оқушының құзыреттілік деңгейін бағалау ғана емес, қол жеткізілген оқу үлгерімін талдау және оқытуды бейімдеу үшін бағалау нәтижелері бойынша алынған ақпаратпен жұмыс істеу дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, сыныпшілік бағалау оқуды жетілдіру үшін оқу процесіне біріктіру керек.

Сонымен қатар, TALIS-2018 зерттеуінің нәтижелері бойынша мұғалімдерге бағалау әдістері бойынша әдістемелік қолдау қажет. Дәл осындай қорытындыға критериалды бағалау жүйесінің ағымдағы жағдайын зерттеген Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА да келіп отыр. Атап айтқанда, зерттеу көрсеткендей, отандық педагогтер сыныпта бағалау кезінде келесі қиындықтарға тап болады: бағалау өлшемшарттары мен дескрипторларды әзірлеу; жоғары тәртіп дағдыларын бағалауға тапсырмалар жасау; тиімді кері байланыс беру (атап айтқанда, рубрика түрінде); ЕББҚ бар және/немесе төмен академиялық нәтижелері бар білім алушылардың бағалауын және өзін-өзімен өзара бағалау жүргізу.

Осыған байланысты, осы әдістемелік ұсынымдар отандық педагогтерге ұсынылған құралдарды критериалды бағалаудың жеке тәжірибесіне бейімдеу үшін әдістемелік және практикалық көмек көрсетуге бағытталған.

Әдістемелік ұсынымдар екі тараудан тұрады. Бірінші тарауда Қазақстандағы критериалды бағалаудың жағдайына талдау жасалады және шет елдерде критериалды бағалауды іске асырудың ерекшеліктері қарастырылады. Атап айтқанда, ЭЫДҰ-ға қатысушы елдер мен серіктестердің (Канада, Швеция, Сингапур, АҚШ, Финляндия, Исландия,


Оңтүстік Корея және т.б.) тәжірибесі қарастырылуда. Екінші тарауда шетелдік және отандық педагогтердің озық әзірлемелерінің мысалдарын пайдалана отырып, тиімді тәжірибеге бағдарланған сыныпшілік бағалау тәсілдер мен стратегиялары қамтылған. Қорытындыда мұғалімдерге критериалды бағалауды жетілдіру бойынша бірқатар практикалық және әдістемелік ұсыныстар мен стратегиялар жайлы ұсыныстар жинақталған.

1. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ РӨЛІ

Бағалау оқу бағдарламасымен және оқытумен тығыз байланысты. Оның мақсаты – оқу процесін жетілдіру және білім беру сапасын арттыру. Бағалау білім алушылардың оқытудың қай кезеңінде екенін және олар қандай прогреске қол жеткізгенін анықтайды. Бағалау нәтижелері оқыту мен білім беру сапасын одан әрі арттыру стратегияларын әзірлеу үшін негізгі ақпаратты білдіреді (1.1-сурет).

1.1-сурет. «Бағалау – оқыту – оқу бағдарламасы» үшбұрышы



Дереккөз: Wilson, M. (2018)

Айта кету керек, ЭЫДҰ елдерінде білім беруді бағалау мен мазмұнының өзара байланысы оқу процесінің контексінде ғана емес, сонымен қатар **институционалды** түрде де көрінеді. Сонымен, Кореяда Кореяның білім беру және бағалау мазмұны институты (Korea Institute for

Curriculum and Evaluation, KICE)¹, Австралияда – білім беру мазмұны, бағалау және ақпараттандыру жөніндегі Австралиялық бөлімі (Australian curriculum, assessment and reporting authority, ACARA)² жұмыс істейді.

ОРТА БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗДЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАРДА БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

ЭЫДҰ-на мүше және серіктес елдердің көпшілігінде мектептегі білім беру саласындағы негіздемелік құжаттар (білім беру стандарттары, оқу бағдарламалары және т.б.) сыныпшілік бағалау туралы егжей-тегжейлі ережелерді қамтиды.

Мысалы, **Онтарио** провинциясындағы (**Канада**) 9 және 10 сынып оқушыларына арналған ағылшын тілі оқу бағдарламасына сәйкес, *бағалау барысында жиналған ақпарат педагогтерге білім алушылардың әр пән бойынша күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізудегі күшті және әлсіз жақтарын анықтауға көмектеседі. Бағалаудың негізделген және сенімді болуын қамтамасыз ету және оқушылардың оқу үлгеріміне әкелу үшін мұғалімдер бағалау стратегияларын қолдануы керек. Бұл стратегиялар:*

- оқушылардың *не* үйренетінін де, *қаншалықты жақсы* оқитынын да ескереді;
- білім мен дағдылар санаттарына да, жетістік деңгейлерінің сипаттамаларына да негізделген;
- сипаты бойынша әр түрлі, белгілі бір уақыт аралығында өткізіледі және білім алушыларға өз білімдерінің барлық спектрін көрсетуге мүмкіндік беруге арналған;
- өткізілетін оқу іс-шараларына, оқу мақсаттарына, білім алушылардың қажеттіліктері мен тәжірибесіне сәйкес;
- барлық білім алушылар үшін әділ;
- ЕББҚ бар білім алушылардың қажеттіліктерін олардың жеке білім беру жоспарында көрсетілген стратегияларға сәйкес қанағаттандырады;
- әрбір оқушыға олардың оқуын жетілдіру жөнінде нақты нұсқаулар беруді қамтамасыз етеді;

¹ OECD Review on Evaluation and Assessment Frameworks for Improving School Outcomes. Country Background Report for Korea

² OECD Review on Evaluation and Assessment Frameworks for Improving School Outcomes. Country Background Report for Korea

- білім алушылардың өз оқуын бағалау және нақты мақсаттар қою қабілетін дамытады;
- білім алушылардың жетістіктерінің деңгейін көрсететін жұмыс үлгілерін пайдалануды қамтиды;
- білім алушылар мен ата-аналардың назарына оқу жылының немесе тоқсанның басында, сондай-ақ оқу жылының басқа да тиісті кезеңдерінде нақты жеткізіледі.

Швециядағы бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасында мұғалім: жеке даму жоспарын құру арқылы білім алушылардың танымдық және әлеуметтік дамуына ықпал етуі; *оқу бағдарламасының талаптары негізінде әрбір білім алушының білім деңгейін жан-жақты бағалауы, бұл туралы білім алушылар мен отбасыларға ауызша және жазбаша түрде хабарлауы, сондай-ақ мектеп басшылығын хабардар етуі; ата-аналардың тілектеріне сүйене отырып, білім алушыларды және олардың отбасыларын оқу нәтижелері мен даму қажеттіліктері туралы үнемі хабардар етуі; бағалау кезінде ұлттық бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың білімін жан-жақты бағалауды жүргізу қажет.*

Исландияның орта білім беру деңгейіндегі ұлттық оқу бағдарламасы бойынша нұсқаулықта бағалау барысында негізгі фокус формативті бағалауға бағытталуы керек, онда оқушылар өздерінің білім беру мақсаттарына жету және қай бағытта жүру керектігін шешу үшін мұғалімдерімен өздерінің оқу жетістіктерін үнемі талқылайды. Бағалауға негізделген критерийлер білім алушыларға түсінікті болуы керек. Бағалау кезінде білім алушылардың білім беру қажеттіліктеріне (әсіресе олардың оқу проблемаларына) ерекше назар аудару қажет. Оқушылар үшін бағалау рәсімдерін жүргізу кезінде ерекше шаралар қабылдануы тиіс, мысалы, емтихан уақытын ұзарту, жеке емтихандар өткізу, жазбаша мен ауызша емтихандар кезінде көмекші материалдарды пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Сингапурда пәндер бойынша оқу бағдарламалары 5 бөлімнен тұрады: кіріспе, куррикулум, педагогика, бағалау және оқу жоспары/күтілетін нәтижелер. Бағалау бөлімінде бағалау білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылатындығы, жиынтық және формативті бағалауды қамтитыны атап өтілді. Мұнда формативті бағалау

рөлінің маңыздылығы да атап өтілді. Атап айтқанда, келесі тұжырым бар: «оқушылардың құзыреттілігін оқытудың белгілі бір кезеңінде бағалаудың маңыздылығына қарамастан, оның оқу процесін бақылау, өзін-өзі және өзара бағалауға тарту бірдей маңызды. Тек жиынтық бағалауға сүйенетін бағалау жүйесі оқытудың бағалауға шамадан тыс бағытталуына әкеледі. Бұл оқушылардың білім алу мүмкіндіктерін шектейді, бұл олардың оқуға деген ынтасына әсер етеді».

Корея Республикасының бастауыш және орта мектептеріне арналған ұлттық оқу бағдарламасында бағалау білім беру мақсаттарына сәйкес білім алушылардың үлгерім дәрежесін мониторингтеуге, сондай-ақ оқыту мен оқу сапасын арттыруға бағытталуы тиіс (1.1-кесте).

1.1-кесте. ЭЫДҰ-ға мүше елдер мен серіктестер мемлекеттердегі орта білім беру саласындағы негіздемелік құжаттардағы бағалаудың рөлі мен міндеттерін айқындау

Ел	Негіздемелік құжаттар атауы	Сыныпшілік бағалауға қатысты ережелер
Онтарио (Канада)	Ағылшын тілі бойынша оқу бағдарламалары (9-10 сынып білім алушыларына арналған)	<p>Білім беру процесіне қатысушылардың рөлі мен міндеттері</p> <p>Мұғалімдер мен білім алушылар бір-бірін толықтыратын міндеттерге ие. Педагогтер білім алушыларға күтілетін оқу нәтижелеріне сәйкес келуге көмектесу үшін тиісті оқыту және бағалау стратегияларын әзірлейді. Мұғалімдер білім алушылардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру және әрбір оқушы үшін жақсы оқу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету арқылы сабаққа ынта мен оқыту мен бағалаудың әртүрлі тәсілдерін әкеледі. Оқыту мен бағалаудың әртүрлі стратегияларын пайдалана отырып, мұғалімдер білім алушыларға сауаттылық пен тілдік дағдыларды дамыту үшін көптеген мүмкіндіктер береді, бұл оларға өз қауымдастықтарының өміріне жауапты және белсенді азаматтар ретінде тиімдірек қатысуға мүмкіндік береді.</p> <p>Бағалау</p> <p>Бағалаудың негізгі мақсаты – оқушылардың оқуын жетілдіру. Бағалау барысында жиналған ақпарат педагогтерге білім алушылардың әр пән бойынша</p>

		<p>күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізудегі күшті және әлсіз жақтарын анықтауға көмектеседі. Бұл ақпарат сонымен қатар оқу бағдарламалары мен оқыту әдістерін оқушылардың қажеттіліктеріне бейімдеу және сыныптағы бағдарламалар мен сабақтардың жалпы тиімділігін бағалау кезінде мұғалімдерге нұсқаулық ретінде қызмет етеді.</p> <p><i>Бағалау – оқушының пән бойынша оқу бағдарламасының талаптарын қаншалықты жақсы орындайтынын дәл көрсететін әртүрлі дереккөздерден (тапсырмаларды, жобаларды, баяндамаларды, тесттерді қоса) ақпарат жинау процесі.</i> Бағалау барысында педагогтер білім алушыларға сипаттамалық кері байланыс береді, бұл оларды үлгерімін арттыруға бағыттайды. <i>Бағалау белгіленген критерийлер негізінде оқушының жұмыс сапасын бағалау және осы сапаны көрсететін мән беру процесін білдіреді.</i> <i>Бағалау күтілетін оқу нәтижелері мен жетістік деңгейлеріне негізделген.</i></p> <p>Бағалаудың негізделген және сенімді болуын қамтамасыз ету және оқушылардың оқу үлгеріміне әкелу үшін мұғалімдер бағалау стратегияларын қолдануы керек. Бұл стратегиялар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқушылардың не үйренетінін де, қаншалықты жақсы оқитынын да ескереді; - білім мен дағдылар категорияларына да, жетістік деңгейлерінің сипаттамаларына да негізделген; - сипаты бойынша әр түрлі, белгілі бір уақыт аралығында өткізіледі және білім алушыларға өз білімдерінің барлық спектрін көрсетуге мүмкіндік беруге арналған; - өткізілетін оқу іс-шараларына, оқу мақсаттарына, білім алушылардың қажеттіліктері мен тәжірибесіне сәйкес келеді; - барлық білім алушыларға әділ; - ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың қажеттіліктерін олардың жеке білім беру жоспарында көрсетілген стратегияларға сәйкес қанағаттандырады;
--	--	--

		<ul style="list-style-type: none"> - әрбір оқушыға олардың оқуын жетілдіру жөнінде нақты нұсқаулар беруді қамтамасыз етеді; - білім алушылардың өз оқуын бағалау және нақты мақсаттар қою қабілетін дамытады; - білім алушылардың жетістіктері туралы куәландыратын жұмыс үлгілерін пайдалануды қамтиды; - білім алушылар мен ата-аналардың назарына оқу жылының басында немесе тоқсанда, сондай-ақ оқу жылының басқа да тиісті сәттерінде нақты жеткізіледі. <p>Барлық күтілетін оқу нәтижелері оқыту кезінде ескерілуі керек, бағалау оқушылардың жалпы күтілетін нәтижелерге қол жеткізуіне бағытталған. Оқушының жалпы күтілетін нәтижелерге қол жеткізуі оның тиісті нақты салалардағы жетістіктері негізінде бағаланады. Жалпы күтілетін нәтижелер кең сипатта болады, ал нақты күтілетін нәтижелер жалпы күтілетін нәтижелерде айтылған білім мен дағдылардың нақты мазмұнын немесе көлемін анықтайды. Мұғалімдер нақты әрі ортақ бір үміттерге қол жеткізуді бағалау үшін қандай жалпы іс-әрекеттер қолдану керектігін және оқыту мен бағалау процесінде қайсысы қамтылатынын (мысалы, тікелей бақылау арқылы) анықтау үшін өздерінің кәсіби пікірлерін пайдаланады, алайда міндетті түрде бағаланбайды³.</p>
<p>Швеция</p>	<p>Бастауыш сыныпқа арналған оқу бағдарламасы (<i>Läroplan för grundskolan</i>)</p>	<p>Бағалау</p> <p>Бағалау білім алушының құзыреттерінің тиісті пән бойынша бағалаудың ұлттық өлшемдеріне сәйкестік дәрежесін көрсетеді. Бағалау барысында әр пән бойынша бағалау өлшемшарттары қолданылады.</p> <p>Мақсаты</p> <p>Мектептің мақсаты – әр оқушының өз оқуына жауапкершілікпен қарауы, өз нәтижелерін өз бетінше бағалауы және өзінің және басқалардың бағаларын өз жұмысының нәтижелерімен және оны орындау шарттарымен байланыстыруы.</p> <p>Әдістемелік ұсынымдар</p>

³ <https://www.edu.gov.on.ca/eng/curriculum/secondary/english910curr.pdf>

		<p>Педагогтің міндеті:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жеке даму жоспарын жасау арқылы білім алушылардың танымдық және әлеуметтік дамуына ықпал ету; - оқу бағдарламасының талаптары негізінде әрбір білім алушының білім деңгейін жан-жақты бағалау, бұл туралы білім алушы мен оның отбасына ауызша және жазбаша түрде хабарлау және директорды хабардар ету; - ата-аналардың тілектеріне сүйене отырып, оларды және оқушыларды оқу нәтижелері мен даму қажеттіліктері туралы үнемі хабардар ету; - баға қою кезінде ұлттық бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың білімін жан-жақты бағалауды жүргізу⁴.
	<p>Орта мектепке арналған оқу бағдарламасы</p> <p><i>(Läroplan för gymnasieskolan)</i></p>	<p>Бағалау</p> <p>Бағалау білім алушының құзыреттерінің тиісті пән бойынша бағалаудың ұлттық өлшемдеріне сәйкестік дәрежесін көрсетеді.</p> <p>Мақсаты</p> <p>Мектептің мақсаты әрбір білім алушының өз оқуына жауапкершілікпен қарауы, <i>оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес өзінің оқу нәтижелері мен даму қажеттіліктерін дербес бағалауы</i> болып табылады</p> <p>Әдістемелік ұсынымдар</p> <p>Мұғалім әрбір білім алушыға <i>олардың оқуындағы жетістіктері мен даму қажеттіліктері туралы үнемі ақпарат беріп отыруы, ата-аналарымен/қамқоршыларымен өзара іс-қимыл жасауы және білім алушылардың ағымдағы оқу жетістіктері мен олардың білімінің дамуы туралы хабардар етуі, сондай-ақ оқушыларға белгілі бір бағалардың қандай негізде қойылатынын түсіндіруі тиіс.</i></p> <p>Бағалау кезінде педагог әр пән үшін бар бағаларды қоюдың ұлттық өлшемдеріне сәйкес білім алушылардың білімін жан-жақты бағалауды жүргізуі, сондай-ақ білім алушылардың ағымдағы оқытудан басқа тәсілдермен алған білімдерін назарға алуы тиіс⁵.</p>
Сингапур	Математика бойынша	Бағалау

⁴ <https://www.skolverket.se/getFile?file=9718>

⁵ <https://www.skolverket.se/undervisning/gymnasieskolan/laroplan-program-och-amnen-i-gymnasieskolan/laroplan-gy11-for-gymnasieskolan>

<p>бағдарлама (1-6 сыныптар)</p> <p><i>(Mathematics Syllabus Primary One to Six)</i></p>	<p>Бағалау білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Теңдестірілген бағалау жүйесі жиынтық және формативті бағалауды қамтиды. Оқытудың белгілі бір кезеңінде оқушылардың құзыреттілігін бағалаудың маңыздылығына қарамастан, оның оқу процесін бақылау және өзін-өзі және өзара бағалауға тарту бірдей маңызды. Тек жиынтық бағалауға сүйенетін бағалау жүйесі оқытудың бағаға шамадан тыс бағытталуына әкеледі. Бұл оқушылардың білім алу мүмкіндіктерін шектейді және олардың оқуға деген ынтасына әсер етеді.</p> <p>Формативті бағалау</p> <p>Формативті бағалау білім алушылардың қалаған оқу мақсатына қаншалықты жететіні туралы ақпарат береді.</p> <p><u>Не үшін бағалау керек?</u></p> <p>Формативті бағалаудың мақсаты – <i>оқушыларға оқуын жақсартуға және оқуда тәуелсіз болуға көмектесу.</i></p> <p>Математиканы оқығанда, басқа пәндерді оқығандағыдай, оқушылардың мазмұнды түсінуі туралы ақпарат сабаққа дейін, сабақ барысында және одан кейін жиналуы керек. Мұғалімдер үшін бұл ақпарат оқытудың, тұжырымдамаларды әзірлеудің және қажет болуы мүмкін түзету әрекеттерінің бастапқы нүктесі болуы керек. <i>Формативті бағалау білім алушыларды олардың нақты күшті және әлсіз жақтары туралы хабардар етеді.</i></p> <p><u>Нені бағалау керек?</u></p> <p>Математика бойынша оқу бағдарламасының нәтижелері тек математикалық ұғымдар мен дағдыларды есте сақтаудан асып түседі. Математикалық есептерді шешу математика бойынша оқу бағдарламасының басты назарында болғандықтан, бағалау сонымен қатар оқушылардың мәселелерді шешу үшін білгендерін қолдану қабілетін түсінуге және қабілетіне бағытталуы керек. Сонымен қатар, ойлау және коммуникация сияқты процестерге назар аудару керек.</p>
--	--

		<p><i>Бағалаудың негізгі мақсаттары мыналарға бағытталуы керек:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - математикалық ұғымдарды түсіну (фактілерді көбейту шеңберінен тыс); - ойлау, өзара әрекеттесу, мағыналы байланыстар орнату және тақырыптар бойынша идеяларды біріктіру қабілеті; - математикалық есептерді тұжырымдау, ұсыну, шешу және математикалық шешімдерді есептер контекстінде түсіндіру қабілеті; - стандартты емес есептерді шешу стратегияларын әзірлеу қабілеті. <p><u><i>Қалай бағалау керек?</i></u></p> <p><i>Бағалау процесі сабақты жоспарлау процесіне қосылуы керек. Мұғалімдерге оқытудың ойдағыдай болып жатқанын және білім алушылар одан әрі оқу үлгерімі үшін өткен білім мен тәжірибеге қалай сүйене алатынын тексеруге көмектесу үшін әртүрлі оқу әрекеттерін сабаққа біріктіруге болады. Бағалау процесін енгізу келесі формада болуы мүмкін:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Диагностикалық бағалау.</i> Математика негізінен иерархиялық орналасқан ұғымдар мен дағдылардан тұрады. Математиканы оқудағы прогресс қажетті ұғымдар мен дағдыларды игеруге байланысты. Әр математика сабағында жаңа ұғымдарды білмес бұрын мұғалімдер оқушылардың математиканы оқуға қажетті мазмұн мен онымен байланысты ұғымдар туралы алдын-ала/алдыңғы білімдерін анықтау үшін диагностикалық бағалауды жүргізуге біраз уақыт бөлуі керек, мысалы, қысқа сауалнама (ауызша немесе жазбаша) немесе диагностикалық тестілерді қолдану. Бұл сынақтарды дұрыс пайдалану мұғалімдерге оқудағы олқылықтар мен қиындықтарды анықтауға және мақсатты оқыту мен қателерді түзету стратегиясы үшін пайдалы ақпарат беруге көмектеседі. • <i>Сыныптағы іс-әрекет.</i> Мұғалімдер оқушылардың тапсырмаларды қалай шешетінін бақылап, олардың шешу стратегияларын түсіндіруді сұрай алады. Мұғалімдер сонымен қатар оқушыларды өз жұмысын бағалауға және өз
--	--	---

оқуы туралы және оны қалай жақсартуға болатындығы туралы ойлауға тарта алады. Сонымен қатар, мұғалімдер әртүрлі жұмыс стандарттарын және олардың орындалған жұмыстарының сапасын одан әрі жақсарту үшін қалай жұмыс істей алатынын түсінуге көмектесу үшін сыныпта талқылау үшін оқушылардың орындаған жұмыстарының әртүрлі мысалдарын пайдалана алады.

- *Сыныптағы талқылау.* Оқушылар өз ойлары мен идеяларымен бөліскенде, мұғалім оқушылардың қате түсініктерін одан әрі түзету, оларға кері байланыс беру, олардың тұжырымдарын бекіту немесе ұсынылған идеяны кеңейту үшін ақпарат алады.

- *Жеке және топтық тапсырмалар.* Мұғалімдер оқушыларға жеке немесе топтық жұмыс үшін математикалық есептер бере алады. Бұл есептер білім алушылардан математикалық процестерге ерекше назар аудара отырып, өздерінің білімдері мен дағдыларын контексте қолдануды талап етеді. Бұл тұрғыда оқушылардан процестер мен жұмыс сапасы тұрғысынан не күтілетінін көрсететін *рубрикаларды* қолдану маңызды. *Білім алушылардың оқу үлгерімі үшін жауапкершілікті өз мойнына алуы үшін сабақтың мақсаттарына жету барысында қандай кезеңде екендігі туралы түсініктері болуы маңызды.* Рубрика сапалы кері байланыс берудің құрылымдық құралы болып табылады.

Бағалау білім алушылар үшін де, мұғалімдер үшін де *кері байланысты* қарастырады.

Жиынтық бағалау

Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңінің соңында білім алушылардың үлгерімі мен алға ілгерлеуі туралы ақпаратты жинайды.

Не үшін бағалау керек?

Жиынтық бағалаудың мақсаты оқушылардың оқу бағдарламаларында көзделген оқу мақсаттарына қол жеткізу дәрежесін өлшеу болып табылады.

- Оқушылар үшін бұл ақпарат оқу материалды игерудің жалпы деңгейі туралы түсінік береді,

		<p>сонымен қатар прогрестің көрсеткіші болып табылады. Балдар мен бағалар олардың жетістіктерінің деңгейін көрсетеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мұғалімдерге бұл ақпарат жалпы сыныптың, сондай-ақ оқушылардың жалпы үлгерімі туралы түсінік береді. Ақпарат оқытудың жалпы тиімділігін көрсетеді. • Мектеп басшыларына бұл ақпарат когорттың, сондай-ақ жеке сыныптардың жалпы үлгерімі туралы түсінік береді. Нәтижелер мектепте жоспарлау және шешім қабылдау (мысалы, оқу жоспарын қайта қарау) үшін пайдалы. Жеке білім алушылардың жетістіктері туралы ақпарат мұғалімдерді марапаттау, қызметте жоғарылату және т. б. сияқты шешімдер қабылдау үшін де пайдаланылады. • Ата-аналарға бұл ақпарат балаларының жетістіктері мен табыстары туралы түсінік береді және балалардың оқудағы жетістіктерін қамтамасыз ету үшін нақты шаралар қабылдауға көмектеседі. <p><u>Нені бағалау керек?</u></p> <p>Жиынтық бағалау білім алушылардың оқу бағдарламасында көрсетілген оқу нәтижелеріне қаншалықты қол жеткізгенін бағалайды. Оқу нәтижелері оқу жоспарына енгізілген математикалық ұғымдарды, дағдыларды және процестерді қамтиды. Ол сондай-ақ ағымдағы оқытуға ықпалдасатын өткен жылғы оқу нәтижелерін бағалауға бағытталған.</p> <p>Жиынтық бағалаудың барлық тапсырмалары оқу бағдарламасына сәйкес жасалуы керек. Әйтпесе, бағалау нәтижесінде алынған ақпарат білім алушылардың құзыреттері деңгейі мен мұғалімдердің оқыту тиімділігі туралы дұрыс емес қорытындыға әкеледі. Бұл оқушыларға психологиялық қысым көрсетуі мүмкін. Мысалы, неғұрлым күрделі деңгейдегі тестілеу оқушылар арасында оқуға деген ынтаның жоғалуына және мазасыздыққа әкелуі мүмкін.</p> <p><u>Қалай бағалау керек?</u></p> <p>Жиынтық бағалау әдетте қағазға шығарылған тест түрінде жүзеге асырылады. Кез келген жиынтық</p>
--	--	--

		<p>бағалауда бағаланатын тақырыптардың салыстырмалы таралуын және тапсырмалардың когнитивті деңгейлерін беретін Спецификация кестесі (TOS) болуы керек. Оқытудың барлық мақсаттарын бағалау мүмкін болмаса да, TOS-та әр тақырыптың салмағын көрсету бір тестте бірде-бір тақырыптың шамадан тыс бағаланбауын қамтамасыз етеді. Жақсы ойластырылған TOS мұғалімдерге тест тапсыру кезінде шешім қабылдауға көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар жоспарлау, оқыту және бағалау арасында нақты байланыс орнатуға көмектеседі (Fives, Helenrose & Nicole, 2013). Тесттің жалпы қиындық деңгейі қарапайым, орташа және жоғары деңгейдегі тапсырмаларды тиісті бөлумен мұқият теңгеріле жоспарлануы керек⁶.</p>
АҚШ	<p>Ағылшын тілі, тарих/ әлеуметтік ғылымдар, жаратылыстану ғылымдары және техникалық пәндер бойынша білім беру стандарттары (<i>Common Core State Standards for ENGLISH LANGUAGE ARTS & Literacy in History/Social Studies, Science, and Technical Subjects</i>)</p>	<p>Оқыту мен бағалаудың мақсаттылығы мен дәйектілігі</p> <p>Стандарттар оқудың, жазудың, сөйлеудің, тыңдаудың және жалпы тілдің нақты талаптарын анықтағанымен, оқыту мен бағалауда әр стандартқа ерекше назар аударудың қажеті жоқ. Көбінесе бірнеше стандарт бір кешенді тапсырма арқылы қол жеткізіледі⁷.</p>
	<p>Математика бойынша білім беру стандарты</p>	<p>Математиканы түсіну</p> <p>Бұл стандарттар білім алушылар математиканы оқу кезінде нені түсінуі және білуі керек екенін анықтайды. Оқушыдан пән бойынша бір нәрсені түсінуін сұрау мұғалімнен оқушының түсінгенін</p>

⁶ Ministry of Education of Singapore. 2021 Mathematics Syllabus Primary One to Six. <https://www.moe.gov.sg/-/media/files/syllabus/2021-pri-mathematics-1-to-3.pdf>

⁷ https://learning.ccsso.org/wp-content/uploads/2022/11/ELA_Standards1.pdf

	<p><i>(Common Core State Standards for Mathematics)</i></p>	<p>бағалауды сұрауды білдіреді. Алайда математикалық түсінікті қалай анықтаймыз? Математикалық түсінудің ерекше белгілерінің бірі - оқушының математикадан білімінің жетілуіне сәйкес әдісті негіздеу мүмкіндігі, қандай да бір себептермен немесе математикалық тұжырымды ақиқат немесе математикалық ережеге сәйкес екенін дәлелдей білуі.</p> <p>Математикалық түсіну және есептеу дағдылары бірдей маңызды, екеуін де сәйкес күрделіліктегі математикалық тапсырмалар арқылы бағалауға болады⁸</p>
<p>Исландия</p>	<p>Исландияның орта мектептерге арналған ұлттық бағдарламасы бойынша нұсқаулық</p> <p><i>(The Icelandic national curriculum guide for compulsory schools)</i></p>	<p>Бағалау</p> <p><i>Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім беру мен оқытудан бөлінбейтін білім беру қызметінің ажырамас бөлігі</i> болып табылады. Бағалаудың негізгі мақсаты оқыту туралы және оның мақсаттарына қаншалықты қол жеткізілгені туралы ақпарат беру болып табылады. Бағалау ұлттық оқу бағдарламасының нұсқаулығында белгіленген құзыреттердің жалпы стандарттарына қол жеткізілгенін, оқу үлгерімі ынталандырылғанын, білім алушылар өз жетістіктерін жақсартуға ынталандырылғанын және оқушыларға қандай көмек көрсетілгенін бағалау үшін жүргізіледі.</p> <p>Бағалау оқу үлгерімі және жекелеген оқушылар немесе оқушылар топтары қойылған оқу мақсаттарына қалай қол жеткізетіні туралы ақпарат алуға бағытталған. Бағалау білім алушылар мен олардың ата-аналарына, мұғалімдеріне, мектептеріне білім беруді жоспарлауда бағдар бола алатын үлгерім туралы қажетті ақпаратты беруі тиіс. Осы көптеген функцияларды орындау үшін бағалау <i>объективтілік пен сенімділік</i> талаптарына сәйкес келуі тиіс. Бағалау жоспарланған нәрсені сенімді түрде бағалайтындай етіп жоспарлануы және жүргізілуі керек.</p>

⁸ https://learning.ccsso.org/wp-content/uploads/2022/11/Math_Standards1.pdf

Мектеп бағдарламасы бойынша нұсқаулықтарда және мектептегі жұмыс жоспарларында бағалау

Мектеп бағдарламасының нұсқаулықтарында білім алушылар, ата-аналар, мұғалімдер қойылатын талаптар туралы және мектеп олардың орындалуын қалай бағалауды жоспарлап отырғаны туралы толық хабардар болуы үшін бағалау нұсқаулары егжей-тегжейлі көрсетілуі керек. Оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер және басқа қызметкерлер бағалау нәтижелерін дәл осылай түсінуі керек. Бұл оқу процесін жақсарту үшін бағалау нәтижелері туралы ақпаратты пайдаланудың қажетті шарты.

Бағалаудың әртүрлі әдістері

Мектептегі іс-әрекеттің мақсаттары әртүрлі және оларға жету үшін әртүрлі құралдарды қолдануға болады. Сондықтан бағалау әдістері де әртүрлі болуы керек. Олар құзыреттілік өлшемшарттарына сәйкес келуі, білім беру жұмысына баса назар аударылатын мәселелерді көрсетуі және білім алушыларға бағдарлануы тиіс. *Бағалау сенімді, бейтарап, адал және әділ болуы керек.* Оқытудың барлық аспектілері: білім, дағдылар, құзыреттер оқу бағдарламасы бойынша ұлттық басшылық өлшемшарттарына сәйкес бағалануы тиіс. Мұғалімдер білім алушыларға объективті *өзін-өзі бағалауға* көмектесуі керек, оларға білім берудің мақсаттарын және оларға қалай жететінін түсіндіруі керек. Білім алушылар өздерінің білім беру мақсаттарына жету және қайда бару керектігін шешу үшін мұғалімдерімен оқу жетістіктерін үнемі талқылайтын *формативті бағалауға* баса назар аудару керек. Бағалауға негізделген критерийлер барлық оқушыларға түсінікті болуы керек. Бағалау әдістері әр түрлі болуы керек және білім беру жұмысының негізгі бағыттарына сәйкес келуі керек және оқытудың мүмкіндігінше көп аспектілеріне қолданылуы керек. Сондықтан ауызша, практикалық, жазбаша тапсырмалар да, сызбалары бар тапсырмалар да,

		қысқа арнайы жаттығулар мен мұқият зерттеулер, жеке және топтық жұмыстар, шектеулі / шексіз мерзімде орындалатын жобалар және қосымша емтихандардың әртүрлі түрлері бағалануы керек. Әр түрлі тапсырмалар мен олардың шешімдері жинақталған портфолио немесе жұмыс дәптерлері білім алушылардың жұмысы туралы жалпы түсінік беру және олардың қолданылуын, белсенділігін, жұмыс әдістерін, прогресі мен әлеуметтік дағдыларын көрсету үшін пайдалы болуы мүмкін. Бағалау кезінде білім алушылардың білім беру қажеттіліктеріне (әсіресе олардың оқу мәселелеріне) ерекше назар аудару қажет. Мұндай жағдайларда мектептер оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін күш салуы керек. Бұл білім алушылар үшін жалпы бағалауға қатысты арнайы шаралар қабылдануы керек, мысалы, емтихандарды тапсыру үшін ұзағырақ уақыт, жеке емтихандар өткізу, көмекші материалдарды пайдалану және жазбаша мен ауызша емтихандар кезінде көмектесу ⁹
Финляндия	Базалық білім беру саласындағы білім алушылардың үлгерімі мен құзыреттілігін бағалау	Бағалау міндеті Білім алушыларды бағалаудың міндеті – білім алуды үгіттеу және ынталандыру, сонымен қатар оқушылардың өзін-өзі бағалауының алғышарттарын дамыту. Оқушының оқуы, жұмысы және тәртібі жан-жақты бағалануы керек ¹⁰
Грузия	Ұлттық оқу жоспары	Бағалау принциптері Мектеп барлық мұғалімдер қолданатын жалпы бағалау принциптерін белгілеуі керек. Басқа мәселелермен бірге мыналарды анықтау қажет: А) сыныптан сыныпқа өту үшін оқушыдан талап етілетін ең төменгі шегі қандай? Б) пәнді меңгеру қанағаттанарлық деп есептелуі үшін оқушыдан еңсеру талап етілетін ең төменгі шегі қандай? В) дәлелді себеппен сабақты жиі өткізіп жіберетін оқушыларды бағалау қалай жүреді? Мысалы, ол

9

https://www.government.is/library/01-Ministries/Ministry-of-Education/Curriculum/adalnnsk_greinask_ens_2014.pdf

¹⁰ https://www.oph.fi/sites/default/files/documents/perusopetuksen-arviointiluku-10-2-2020_1.pdf

		<p>жіберіп алған материалды қалай қалпына келтіруі керек, оған қосымша сабақ қажет пе?</p> <p>Г) білім алушылар белгілі бір пән бойынша қандай критерийлермен бағаланады және әр критерийдің сипаттамасы қандай?</p> <p>Оқу үлгерімін бағалау жиі және әртүрлі болуы керек. Ақпаратты меңгеру ғана емес, сонымен қатар алған дағдылар, ойлау формалары және т.б. бағалануы қажет. Оқу процесін сәтті жүргізу үшін оқушыны тек бақылау жұмыстары және тесттер негізінде бағалау жеткіліксіз. <i>Мұғалім оқушыны бақылау барысында жиналған мәліметтер бойынша бағалауы керек: жұмыс жинақтары, презентациялар, оқушының өзін-өзі бағалауы, топтық жұмыс және басқа да әрекеттер түрлері.</i> Бағалау кезінде мұғалім білім алушының білім беру процесіне қатысу дәрежесін (үй тапсырмасын орындау және оқу процесіне қатысу сапасы, шығармашылық тәсіл және т.б.) ескеруі керек. Білім алушы оның оқу белсенділігі қандай критерийлер бойынша бағаланатынын алдын ала білуі қажет. <i>Тәртіптік жаза мақсатында бағалауды төмендету ақталмайды.</i> Пән бойынша бағалау оқушының академиялық үлгерімін көрсетеді. Оқушы орынсыз (оқу процесіне тікелей қатысы жоқ) мінез-құлқы үшін пән бойынша бағалаумен жазаланбауы керек. Егер оқушы сабақта өзін дұрыс ұстамаса, бұл оның академиялық үлгеріміне автоматты түрде әсер етеді, демек оқушының академиялық үлгерімі оның мүмкіндіктерінен салыстырмалы түрде төмен болады¹¹.</p>
<p>Корея Республикасы</p>	<p>Бастауыш және орта мектептерге арналған ұлттық оқу бағдарламасы</p>	<p>Бағалау</p> <p>Бағалау білім беру мақсаттарына сәйкес білім алушылардың үлгерім дәрежесін мониторингтеуге және оқыту мен білім беру сапасын арттыруға бағытталуы тиіс. Мұғалімдер үлгерім стандарттарын ескере отырып, сыныпта оқытылатын мазмұн мен дағдыларды бағалап, оқыту мен бағалау арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуі керек. Мектептер пән саласының</p>

¹¹ http://ncp.ge/files/ESG/2010%20wlamde/shesavali_rus.pdf

		сипатына сәйкес бағалау құралдарын қолдануы керек ¹² .
Жапония	Мектепті бағалауға қатысты мектептегі білім туралы	Бағалау Мектептердегі бағалау балалардың сапалы білім алуы үшін білім беру қызметі мен басқа да іс-шаралардың нәтижелерін тексеру арқылы мектепті басқаруды жақсартуға және дамытуға бағытталған ¹³ .
Жаңа Зеландия	Ұлттық оқу бағдарламасы <i>(The New Zealand Curriculum)</i>	Бағалау Бағалаудың негізгі мақсаты – <i>оқушылардың білім алуын және мұғалімдердің оқытуын жақсарту, өйткені оқушылар да, мұғалімдер де білім беруден алатын ақпаратқа жауап береді.</i> Осыны ескере отырып, мектептер осы мақсатқа тиімді жету үшін, олар бағалау нәтижелері туралы ақпаратты қалай жинайтынын, талдайтынын және пайдаланатынын туралы ойлануы керек. Оқушылардың білімін жақсарту мақсатында <i>бағалау оқыту мен білім алудың өзара әрекеттесуі нәтижесінде жүзеге асырылатын үздіксіз процесс</i> ретінде түсінген жөн. Бұл оқушылардың үлгерімі туралы дәлелдер бере алатын ақпаратты мақсатты және уақтылы жинауды, талдауды, түсіндіруді және пайдалануды қамтиды. Бұл дәлелдердің көпшілігі «қазіргі сәттен» болып табылады. Талдау мен интерпретация көбінесе мұғалімнің санасында болады, содан кейін ол алған білімін оқушыларымен жұмыс жалғасқан кезде өз іс-әрекеттерін қалыптастыру үшін пайдаланады ¹⁴ .

¹² <http://www.koreaneducentreinuk.org/wp-content/uploads/2021/02/The-National-Curriculum-for-the-Primary-and-Secondary-Schools-2015.pdf>

¹³ <http://www.koreaneducentreinuk.org/wp-content/uploads/2021/02/The-National-Curriculum-for-the-Primary-and-Secondary-Schools-2015.pdf>

¹⁴ The New Zealand Curriculum. <https://nzcurriculum.tki.org.nz/The-New-Zealand-Curriculum>

ШЕТ ЕЛДЕРДЕ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫ ІСКЕ АСЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЭЫДҰ елдерінде критериалды бағалауды жүзеге асырудың білім беру, мәдени, демографиялық және басқа аспектілерді ескере отырып өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ретте сыныпшілік бағалау жүйелерінің барлығына ортақ мынадай сипаттамалары мен принциптерін атап өткен жөн:

1. ЭЫДҰ елдерінде сыныпшілік бағалаудың ерекше бағыты күнделікті формативті бағалауға бағытталған. Ол мұғалімнің әртүрлі тапсырмаларды әзірлеуі және сапалы кері байланыс беру арқылы білім алушыларға өз жұмысын және оқытудағы қол жеткізілген прогресті бағалауға мүмкіндік беруге бағытталған. Формативті бағалау кезінде білім алушы бағалау нәтижелері туралы ақпаратты белсенді пайдаланушы болып табылады. Түпкі мақсат – білім алушылардың өз бетінше оқу дағдыларын («білім алуды үйрену»), метакогнитивтік стратегияларды және басқару стратегияларын дамыту (ЭЫДҰ, 2005).

ЭЫДҰ сарапшылары формативті бағалаудың 6 негізгі элементін бөліп көрсетеді: 1) сыныпшілік бағалау құралдарының өзара іс-қимылы мен пайдаланылуын ынталандыратын мәдениет қалыптастыру; 2) оқыту мақсаттарын белгілеу және жекелеген білім алушылардың осы мақсаттарға қол жеткізудегі үлгерімін қадағалау; 3) білім алушылардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқытудың әртүрлі әдістерін пайдалану; 4) оқушылардың құзыреттерін бағалаудың әртүрлі тәсілдерін пайдалану; 5) білім алушылардың үлгерімі туралы кері байланыс және анықталған қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін оқытуды түзету; 6) оқушыларды оқу процесіне белсенді тарту¹⁵.

Формативті бағалау білім беру жетістіктерінің деңгейін (Black & Wiliam, 1998, 2018; black et al., 2004), қатысу және дербестігін (Klenowksi, 2009; Swaffield, 2011), сондай-ақ білім алушылардың ішкі мотивациясын (Lee, 2011; Tang, 2013) арттыруға ықпал етеді. Фокустың механикалық жаттаудан және негізгі пәндердің мазмұнын есте сақтаудан жоғары тәртіп пен өзін-өзі оқыту дағдыларын игеруге ауысуы жағдайында

¹⁵ OECD/CERI International Conference “Learning in the 21st Century: Research, Innovation and Policy”. Assessment for Learning Formative Assessment. <https://www.oecd.org/site/educeri21st/40600533.pdf>

формативті бағалаудың маңыздылығы да артты. Зерттеулер көрсеткендей, сыныпта формативті бағалаудың болмауы үлгерімі төмен оқушылар арасында тиімсіз оқуға және өзін-өзі бағалаудың және мотивацияның төмендігіне әкеледі (Black and Wiliam, 1998).

Осы орайда ЭЫДҰ елдерінде ұлттық деңгейде формативті бағалауды іске асырудың тиімділігін арттыру бойынша әртүрлі шаралар жүргізілуде (мысалы, *Австралия* – «Формативті онлайн-бағалау» бастамасы, «Формативті бағалау ресурстарының Ұлттық банкі», *Сингапур* – «Біртұтас бағалау» – Holistic Assessment).

2. Рубрикалар мұғалімнің түсініктемелерімен, балдарымен, бағалау парақтарымен және т. б. бірге кері байланыстың ең көп таралған түрлерінің бірі болып табылады. Егер Қазақстанда критериалды бағалау жүйесін зерттеу нәтижелері көрсеткендей, рубрикалар кері байланыстың ең аз таралған түрі болып табылса¹⁶, онда ЭЫДҰ елдерінде, керісінше, рубрикалар жиі қолданылатын бағалау¹⁷ құралына жатады. Педагогтер мен оқушылардың рубрикаларды, әсіресе формативті бағалау деңгейінде қолдануы тиімді оқыту мен білім беру үшін тұрақты кері байланыс пен формативті бағалаудың маңыздылығын ескере отырып, бұл құралды соңғы жылдары тартымды етті (ЭЫДҰ, 2013). Сонымен қатар рубрикаларды пайдалану жиынтық және формативті бағалау құралдарын біріктіруге болады және әртүрлі бағалау құралдарын пайдалануды қажет етпейді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді (Looney, 2011 p).

Рубрикалар мұғалімдер үшін де, оқушылар үшін де бағалау өлшемшарттарын нақтылауға мүмкіндік береді. Рубрикалардың форматы бір-бірінен өзгеше болуы мүмкін екендігіне қарамастан, барлық рубрикалар екі негізгі белгіні біріктіреді: 1) тапсырмаға арналған критерий тізімі және 2) білім алушылардың «күшті», «орташа» және «әлсіз» жұмысын сипаттайтын сапа бойынша градациясы (Vincent-Lancrin, S. et. al., 2019). Рубрикалар формативті және жиынтық бағалау

¹⁶ Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың қолданыстағы жүйесін зерттеу нәтижелері бойынша аналитикалық есеп – Астана қаласы:

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 162 б. <https://uba.edu.kz/ru/metodology/3>

¹⁷ Vincent-Lancrin, S., et al. (2019), *Fostering Students' Creativity and Critical Thinking: What it Means in School*, Educational Research and Innovation, OECD Publishing, Paris, <https://doi.org/10.1787/62212c37-en>.

құралы ретінде жиі қолданылады, атап айтқанда жоғары деңгейлі дағдыларға арналған тапсырмаларда, көпөлшемді, ашық тапсырмаларда (Busching, 1998: Arter and McTighe, 2001: Perlman, 2003: Reddy and Andrade, 2010).

Зерттеулер рубрикалардың метакогнитивті оқыту мен білім берудің дамуына ықпал ететіндігін дәлелдеді: яғни оқушыларға өз оқуы туралы ойлануға және оның өзін-өзі реттеуімен жақсырақ орындалуына көмектесетін мақсатты стратегияларды қолдану. Бұл стратегиялар оқушылардың математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша оқу нәтижелерін жақсартуда тиімді екендігі дәлелденді (Mevarech and Kramarski, 2014).

3. Формативті бағалауды іске асырудың тиімділігіне педагогтердің бағалаудағы құзыреттері және олардың білім алушылардың үлгеріміне қатысты сенімдері айтарлықтай әсер етеді. Бұл сенімдер, өз кезегінде, формативті бағалау тәжірибесінің арқасында оқушылар арасында оқу жетістіктеріне жету тәжірибесімен байланысты болуы мүмкін (Guskey, 2002).

Сол себепті ЭЫДҰ елдерінде педагогтер арасында бағалау саласындағы біліктілікті арттыруға ерекше назар аударылады, өйткені бұл сынып көлемін қысқартуға немесе жұмыс істеп жатқан мұғалімдерді ауыстыруға қарағанда оқыту нәтижелерін жақсарту бойынша әлдеқайда тиімді шара болып табылады (William and Thompson, 2008). Бұған қоса, мұғалімдердің кәсіби дамуы ұзақ мерзімді өзара қолдау көрсету және тығыз ынтымақтастықпен толықтырылады (мысалы, *Сингапур* – Мұғалімдердің оқу қауымдастығы). Мұғалімдердің кәсіби дамуын зерттеу мұғалімдердің практиктер қауымдастығында жақсы оқитынын және жұмыс істейтінін көрсетеді (McDermott and Snyder, 2002).

Төменде АҚШ, Сингапур, Австралия және Жаңа Зеландияда критериалды бағалауды жүзеге асыру тәжірибесіне толық талдау берілген.

АҚШ

АҚШ-тағы сыныпшілік бағалау жүйесінің штатқа байланысты өзіндік ерекшеліктері бар.

Висконсин штатында бағалаудың үш түрінен тұратын Стратегиялық бағалау жүйесі жұмыс істейді: формативті, аралық және жиынтық. Жүйе білім алушыларды ЖОО-да әрі қарай оқуға және жұмысқа орналасуға дайындауға, сыныптар, мектептер, округтер мен штат деңгейіндегі академиялық дайындықты және әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттіліктердің прогресін өлшеуге бағытталған (1.2-сурет).

1.2-сурет. Стратегиялық бағалау жүйесі (Висконсин, АҚШ)



Дереккөз: Wisconsin Department of Public Education. Wisconsin's Strategic Assessment Systems. 2016. https://dpi.wi.gov/sites/default/files/imce/strategic-assessment/Wisconsin's_Strategic_Assessment_Systems_Foundational_Charts.pdf

Штаттағы бағалаудың үш түрі де оқытуды жоспарлау, қолдау, мониторингілеу және бақылау тексерісі кезінде әртүрлі мақсаттарға бағытталған (1.2-кесте).

1.2-кесте. Критериалды бағалау бойынша педагогтерге қажетті құзыреттер тізбесі (Небраска, АҚШ)

	Формативті бағалау	Аралық бағалау	Жиынтық бағалау
<p>Оқытуды ЖОСПАРЛАУ үшін <i>Оқу процесі басталғанға дейін</i></p>	<p>Оқушылардың күшті жақтарын, өсу нүктелерін және оқудағы олқылықтарды анықтайтын нақты кері байланыс</p>	<p>Мұғалімге оқу процесін жоспарлауға, оқу қарқынына, педагогикалық араласуға, топтарға бөлуге және т. б. қатысты шешімдер қабылдаудың бастапқы нүктесін көрсететін аралық нәтижелер</p>	<p>Одан әрі білім алуды жоспарлауға, сыныптағы, мектептегі, округтегі немесе штаттағы жалпы білім беру тенденцияларына / заңдылықтарына қатысты рефлексияға көмектесетін оқытудың қорытынды көрінісі</p>
<p>Оқытуды ҚОЛДАУ үшін <i>Оқу процесі барысында</i></p>	<p>Нақты уақыт режимінде түзетулер енгізу және оқу жетістіктеріне жету үшін стратегиялық шешімдер қабылдау үшін оқушыны да, педагогті де хабардар ететін жедел кері байланыс</p>	<p>Аралық бақылау нәтижелері қандай академиялық және оқытудың әлеуметтік-эмоционалды мақсаттарына қол жеткізді, әрі қарай нені жақсарту керек және көп көңіл бөлуді қажет ететінін көрсетеді</p>	<p>Топтарға бөлу немесе оқу бағдарламаларының карталарындағы өзгерістер туралы мектептер деңгейіндегі шешімдердің ақпаратын беретін сынып, сынып параллельдері , оқытудың қорытынды көрінісі</p>
<p>Оқытуды МОНИТОРИНГІЛЕУ үшін <i>Оқу процесінің аралық кезеңінде</i></p>	<p>Мұғалім мен оқушыға соңғы тексеруден бастап қол жеткізілген оқу үлгерімін бақылауға мүмкіндік беретін кері байланыс</p>	<p>Оқу бағдарламасын жетілдіру және оқу процесіне өзгерістер енгізу мақсатында жыл бойғы көрсеткіштермен салыстырғанда мерзімді және бірнеше аралық нәтижелерді ұсына отырып, уақыт өте келе оқушылардың үлгерімін</p>	<p>Оқу бағдарламасын үнемі жетілдіруге, оқу жоспарларындағы өзгерістерге немесе кәсіптік даму қажеттіліктеріне ықпал ету үшін оқушылардың не білетіні және не істей алатыны туралы ақпарат беретін оқытудың қорытынды көрінісі</p>

		бақылайтын аралық нәтижелер	
Оқытуды ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ үшін <i>Оқу процесі (кезеңі) аяқталғаннан кейін</i>	Оқушының қандай оқу стандарттарын білетінін және орындай алатынын растайтын кері байланыс	Трендтер мен заңдылықтарды анықтау, сынып, параллельдер, мектеп және округ деңгейлердегі оқушылардың үлгерімін бақылау үшін басқа ақпаратпен бірге қолданылатын аралық нәтижелер	Оқытудың қорытынды көрінісі, бұл әдетте, параллельге, мектептерге, округтерге және штаттарға қатысты жыл сайынғы негізде макро деңгейлерде шешім қабылдауға ықпал етуі
Мысалдар	<i>Оқушылар арасында пікір алмасу; сабақ соңында блиц-сауалнама; сауалнамалар; таңдамалы жазбалар; қол сигналдары</i>	<i>Жалпы бақылау бағалаулары, округ деңгейіндегі бағалау</i>	<i>Бөлім / тарау / жобалар / портфолио қорытындылары бойынша тесттер; сыныптағы бағалар; оқу үлгерімі және тәртібінің көрсеткіштері; штат деңгейдегі бағалау</i>

Дереккөз: Wisconsin Department of Public Education. Wisconsin's Strategic Assessment Systems. 2016. https://dpi.wi.gov/sites/default/files/imce/strategic-assessment/Wisconsin's_Strategic_Assessment_Systems_Foundational_Charts.pdf

Висконсин штатында *нақты, тиімді және жедел кері байланыс беру үшін оқыту кезінде мұғалімдер мен оқушылар қолданатын мақсатты процесс* ретінде түсінілетін сапалы формативті бағалау процесіне баса назар аударылады. Кері байланыс білім алушылар мен сыныпқа бағытталған күнделікті оқу стратегиялары арқылы қамтамасыз етіледі және «Оқушыларға білім беруде бұдан әрі не болады?» сұрағына жауап береді.

Формативті бағалау процесі келесі кезеңдерден тұрады: 1) сабақ мақсаттарын жоспарлау; 2) дәлелді мәліметтер алу үшін мұғалім әзірлеген формативті тәжірибелерді қолдану; 3) алынған мәліметтерді түсіндіру; 4) оқушыға формативті кері байланыс беру; 5) оқытудың ағымдағы мақсаттарын түзету/оқытудың жаңа мақсаттарын анықтау (1.3-сурет).

1.3-сурет. Формативті бағалау процесі (Висконсин, АҚШ)



Дереккөз: Wisconsin Department of Public Education. Wisconsin’s Strategic Assessment Systems. 2016. <https://dpi.wi.gov/strategic-assessment/cycles-assessment/formative/-resources-professional-development>

Айта кету керек, штатындағы мектептерде мектептерде формативті бағалау шеңберінде оқушылардың белсенді рөлін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады (1.3-кесте).

1.3-кесте. Формативті бағалау шеңберінде мұғалім мен оқушы рөлі (Висконсин, АҚШ)

Оқушы рөлі	Мұғалім рөлі
<p>Сабақ мақсаттарын жоспарлау және тақырыпты меңгеру деңгейін алдын ала анықтау:</p> <p>Сабақ мақсатын терең түсінуді дамыту</p> <p><i>Негізгі сұрақ: «Мен қайда бара жатырмын?»</i></p>	<p>Сабақ мақсаттарын жоспарлау және тақырыпты меңгеру деңгейін алдын ала анықтау:</p> <p>Мемлекеттік білім беру стандарттарына негізделген сабақ мақсаттарын жоспарлау мен бөлу және әрбір мақсатқа иелік ету деңгейін қамтамасыз ету</p> <p><i>Негізгі сұрақтар: «Оқытудың мақсаттары қандай?», «Тақырыпты/сабақ мақсаттарын толық игруін қалай білемін?»</i></p>
<p>Дәлелді мәліметтер алу үшін мұғалім әзірлеген</p>	<p>Дәлелді мәліметтер алу үшін мұғалім әзірлеген формативті тәжірибелерді қолдану:</p>

<p>формативті тәжірибелерді қолдану:</p> <p>Оқу мақсаттарына жетудегі жетістіктерді түсіну үшін мұғаліммен бірлескен серіктестікке белсенді қатысу</p>	<p>Оқушылардың ағымдағы оқу жетістіктері туралы дәлелді мәліметтер алу үшін формативті бағалау әдістерін қолдану (бақылау, «саусақ жоғары/төмен» сұрақтары және т. б.)</p>
<p>Алынған мәліметтерді түсіну және талдау:</p> <p>Оқытудағы олқылықтарды анықтау үшін бағалау өлшемшарттарын қолдана отырып, мұғаліммен бірге оқу барысын түсіндіру</p> <p><i>Негізгі сұрақ: «Мен қазір қай деңгейге жеттім?»</i></p>	<p>Алынған мәліметтерді түсіну және талдау:</p> <p>Тақырыпты меңгеру деңгейін және олқылықтарды анықтау үшін нақты деректерді бағалау өлшемшарттарымен салыстыру</p> <p><i>Негізгі сұрақ: «Оқыту мақсаттарына қатысты білім алушыларды оқыту қай деңгейде орналасқан?»</i></p>
<p>Оқушыға формативті кері байланыс ұсыну және оқытуды түзету:</p> <p>Оқу мақсаттарына жету үшін оқыту стратегияларын түзету үшін пайдалануға болатын кері байланыс алу үшін оқушылармен және мұғалімдермен өзін-өзі және өзара бағалауға, талқылауға қатысу</p> <p><i>Негізгі сұрақ: «Осы жерден келесі деңгейге қалай жетемін?»</i></p>	<p>Оқушыға формативті кері байланыс ұсыну және оқытуды түзету:</p> <p>Оқушының табыс өлшемшарттарына сәйкес оқуын қалай жақсартуға болатыны туралы нақты, тиімді және жедел кері байланыс беру. Оқушылардың білім беру қажеттіліктеріне сәйкес оқытуды тез бейімдеу және түзету, әр оқушы үшін тәжірибені жекелендіру</p> <p><i>Негізгі сұрақ: «Не жақсы жұмыс болып істелінді және оқушылардың ҚАЗІРГІ орындарымен қай жерде болуы керек екендігі арасындағы алшақтықты қалай азайтуға болады?»</i></p>
<p>Оқытудың ағымдағы мақсаттарын түзету/оқытудың жаңа мақсаттарын анықтау:</p> <p>Ағымдағы оқу мақсаттарын түзету және мұғаліммен бірлесіп өзінің ЖАҢА оқу мақсаттары мен жетістік өлшемшарттарын анықтау</p>	<p>Оқытудың ағымдағы мақсаттарын түзету/оқытудың жаңа мақсаттарын анықтау:</p> <p>Формативті бағалау әдістерінің көмегімен анықталған алшақтықты жою, ағымдағы мақсаттарды түзету және оқушыларды оқыту үшін жаңа мақсаттарды және білім алушылармен бірлесіп табыстың ЖАҢА өлшемшарттарын белгілеу</p>

Дереккөз: Wisconsin Department of Public Education. The Formative Assessment Process. 2017. https://dpi.wi.gov/sites/default/files/imce/strategic-assessment/The_Formative_Assessment_Process.pdf

Небраска штатында мұғалімдер үшін де, мектеп басшылары үшін де, оқушылар мен олардың ата-аналары үшін де критериалды бағалау бойынша күтілетін құзыреттер тізімі құрылды. Атап айтқанда, *педагогтерден* мынадай міндеттерді орындау күтіледі: жоғары сапалы тапсырмалар мен бағалау құралдарын әзірлеу, оқытылатын пәннің мазмұнын және ұлттық білім беру стандарттарын жоғары деңгейде меңгеру, оқушылардың оқу мақсаттарын өз бетінше тұжырымдауына жәрдемдесу, оқушыларды сабақта бірлескен қызметке тарту, бағалау нәтижелерін ескере отырып оқыту әдістерін түзету және т.б. (1.4-кесте).

1.4-кесте. Критериалды бағалау бойынша педагогтерге қажетті құзыреттер тізбесі (Небраска, АҚШ)

Бағыттар	Бағалау саласындағы құзыреті жоғары педагог:
Бағалау саласындағы сауаттылық: теңгерімді бағалау	<ul style="list-style-type: none"> • Бағалау мақсаттары мен оқу міндеттеріне сәйкес келетін әртүрлі бағалау әдістерін таңдайды және қолданады • Бағалау үшін жоғары сапалы тапсырмаларды әзірлейді, бейімдейді немесе таңдайды • Жоғары сапалы бағалау құралдарын (нұсқаулықтар, рубрикалар, тексеру парақтары және т. б.) әзірлейді, бейімдейді немесе таңдайды • Оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейі және қол жеткізілген прогресс туралы барлық мүдделі тараптарға хабарлайды • Деректерді талдауды, олардың сенімділігі мен шынайылығын түсінеді
Бағалау саласындағы сауаттылық: ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушылардың оқу материалын игерудегі күшті жақтары мен олқылықтарын анықтау үшін деректерді талдайды • Оқушылардың оқу үлгерімін бағалау және құжаттау үшін әртүрлі көрсеткіштерді пайдаланады • Оқытуды түзету үшін бағалау нәтижелерінің деректерін қолданады • Оқушыларға әртүрлі бағалау әдістерінің рөлі мен мақсаттарын түсінуге көмектеседі • Шешім қабылдау үшін бірнеше дереккөздерден алынған деректерді пайдаланады

<p>Бағалау саласындағы сауаттылық: мазмұн</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Білім беру мазмұнының мемлекеттік стандарттарын және оларды өзінің педагогикалық практикасында қолданудың маңыздылығын түсінеді • Білім беру мазмұны стандарттарын енгізуді қолдау үшін кәсіптік оқыту ресурстарын және/немесе желілерін пайдаланады • Тиімді оқыту және сыныпта оқу іс-шараларын өткізу үшін білім беру мазмұнының стандарттарын түсінеді • Оқытылатын пәннің мазмұнын меңгерудің жоғары деңгейін көрсетеді • Оқушылар арасында оқытуды қолдау үшін қажет болған жағдайда мектептегі білім берудің басқа буындарындағы білім беру мазмұны стандарттары туралы білімді пайдаланады
<p>Оқытудың тиімді кезеңдері: білім алушылар іс-әрекетін жандандыру</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Білім алушыларды оқыту мақсаттарын қоюға және оқу процесін өз бетінше бақылауға үйретеді • Білім алушыларды бірлесіп оқуға және сыныпта бірлесіп жұмыс істеуге тартады • Оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес оқу процесінде тиісті түзетулер мен толықтыруларды жоспарлау үшін формативті бағалау нәтижелерін пайдаланады • Оқушылардың күшті жақтарын анықтайды және оларды одан әрі оқу жетістіктеріне жету үшін пайдаланады • Оқушыларды оқуды жетілдіретін және ынталандыратын процестер мен практикалармен таныстырады • Оқушылардың алдына оқу мақсаттарына жету бойынша міндеттер қояды • Оқушылардың оқудағы қиындықтары оқу процесінің заңды бөлігі екенін үйретеді және түсіндіреді • Қажет болған жағдайда қайталама сабақтар өткізеді
<p>Оқытудың тиімді кезеңдері: оқу материалын түсіндіру</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Білім алушылардың оқу материалын түсінуін нақтылау үшін сауалнаманың әртүрлі әдістері мен техникаларын қолданады • Оқыту мен білім беру әдістерін нақтылау және түзету үшін оқытудың нақты деректерін пайдаланады

	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушыларға білім беру стандарттары негізінде оқу мақсаттарын тұжырымдауға мүмкіндік береді
Оқытудың тиімді кезеңдері: дәлелдерді қолдану	<ul style="list-style-type: none"> • Түсінуді бейресми тексерулері және жоғары дәрежелі дағдыларды тексеру сұрақтары арқылы білім алушылардың үлгерімін бірізді түрде бағалайды • Оқушыларға қиындықтары бар оқу материалын игеруге көмектесу үшін оқыту әдістерін өзгертеді (оқу қиындықтар бағалау процедуралары арқылы анықталады) • Білім алушылардың үлгерімі туралы әртүрлі ақпарат жинайды • Оқытуды қолдау үшін көптеген оқыту әдістерін қолданады • Тиімді кері байланысты қамтамасыз етеді және бағалау деректерін мүдделі тараптармен бөліседі • Өзінің педагогикалық қызметінің тиімділігін бағалау үшін бағалау нәтижелерін пайдаланады
Оқытудың тиімді кезеңдері: сапалы кері байланыс беру	<ul style="list-style-type: none"> • Оқытудың мемлекеттік стандарттарына / оқу мақсаттарына қатысты жоғары күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін нақты, сындарлы және пәрменді кері байланыс береді • Тиімді, уақтылы, сипаттамалық және жиі болатын кері байланысты ұсынады • Кері байланысты өсу мүмкіндігі ретінде пайдаланады • Оқушылардың күш-жігерін ынталандыру үшін кері байланысты пайдаланады

Дереккөз: Nebraska Department of Education. Teacher Foundational Statements. 2021. https://www.education.ne.gov/wp-content/uploads/2022/02/NE_FASN_TeacherFoundationalStatements_Handout_FY22.pdf

Мектеп басшылардан тиімді шешімдер қабылдау үшін бағалау нәтижелерінің деректерін пайдалану, бағалау саласындағы өз сауаттылығын арттыру сияқты дағдылар талап етіледі. Бұл дағдылар үздіксіз кәсіптік оқыту және мұғалімдермен өзара әрекеттесу, сондай-ақ мұғалімдермен бірлесіп кәсіби дамуға, мұғалімдерге формативті бағалау әдістерін тиімді қолдану үшін уақыт, қолдау және ресурстар беруге негізделген бағалау мәдениетін ілгерілету арқылы дамиды (1.5-кесте).

1.5-кесте. Критериалды бағалау бойынша мектеп басшыларына қажетті құзыреттер тізбесі (Небраска, АҚШ)

Бағалау саласындағы құзыреті жоғары басшы:

- Формативті бағалау практикасы оқушылардың оқуына оң әсер ететініне сенімді
- Бағалау саласындағы сауаттылық формативті бағалауды жүзеге асырудың қажетті шарты екенін біледі
- Формативті бағалау әдістерінің оқытуға әсерін түсінеді және оларды мазмұнның барлық салаларында енгізуді қолдайды
- Формативті бағалаудың бөлігі ретінде бағалау деректерін пайдалануда сенімділік пен білімді көрсетеді
- Мектеп деңгейінде қабылданған шешімдерді негіздеу үшін әртүрлі деректерді қалай пайдалану керектігін біледі
- Деректерді талдауды, оның сенімділігі мен жарамдылығын түсінеді
- Бағалау деректерін тиісті этикалық және құқықтық нормаларға сәйкес пайдаланады
- Оқушыларды оқыту үдерісі бөлігінде барлық мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл жасайды
- Үздіксіз кәсіптік оқыту және педагогтермен өзара іс-қимыл жасау арқылы бағалау саласындағы өзінің сауаттылығын арттырады
- Мұғалімдермен бірлесіп кәсіби дамуға негізделген бағалау мәдениетін насихаттайды
- Мұғалімдерге оқушылардың алға жылжуы үшін формативті бағалау әдістерін қолдануға қажетті уақытты, қолдауды және ресурстарды ұсынады
- Мұғалімдердің формативті бағалау тәжірибесін жетілдіру үшін оларға мақсатты кері байланысты қамтамасыз етеді
- Оқыту сапасын арттыруға ықпал ететін шешімдер қабылдау үшін бағалау нәтижелерінің деректерін пайдалануға ықпал етеді
- Оқу бағдарламасының, оқытудың және бағалаудың дәйектілігін қамтамасыз ету арқылы оқытуды жақсарту үшін бағалау нәтижелерінің деректерін пайдалануға ықпал етеді
- Теңдестірілген бағалау жүйесін құру бойынша жұмыс істейді
- Бағалау кестесін/күнтізбесін жүргізеді

Дереккөз: Nebraska Department of Education. 2022. <https://www.education.ne.gov/wp-content/uploads/2022/03/FASN-An-assessment-literate-School-Leader.pdf>

Оқушылар мен олардың отбасылары оқу процесіндегі бағалаудың рөлін және оның оқыту мен білім беруді қалай жақсартатынын түсінуі керек. Атап айтқанда, оқушылардан өз жұмысын бағалау үшін рубрикаларды пайдалану, олардың оқуын түсіну және болашақ оқу мақсаттарын қою үшін бағалау нәтижелерін пайдалану, мұғалімдер мен

отбасыларға бағалау нәтижелерін түсіндіру және талдап жеткізу дағдылары талап етіледі. Сонымен қатар білім алушылардан білім беру стандарттарын түсіну және өз оқуын қолдау үшін оқу мақсаттарын пайдалана білу, өз оқуын жақсарту және оқу ұстанымдарын жетілдіру үшін кері байланысты пайдалану және т.б. күтіледі (1.6-кесте).

1.6-кесте. Критериалды бағалау бойынша оқушылар мен олардың отбасыларына қажетті құзыреттер тізбесі (Небраска, АҚШ)

Бағалау саласындағы құзыреті жоғары оқушылар мен олардың отбасылары:	Бағалау саласындағы құзыреті жоғары оқушылар:
<ul style="list-style-type: none"> • Оқушылар өздерінің оқу мақсаттарын білген кезде жақсы оқитынына сенімді • Оқушылар сапалы бағалау процедураларының арқасында дамитынына сенімді • Оқушылар педагогтер ұсынған жұмыстары туралы тиімді кері байланыс арқылы білім алатынына сенімді • Оқушылардың өздері оқуы үшін жауап беретініне сенімді • Оқушылар өз жетістіктерін жақсарту үшін өзін-өзі бағалау құралдарын пайдалана алатынына сенімді • Оқушылар көбірек білу үшін бағалау нәтижелерін пайдалана алатынына сенімді • Бағалауды жүргізудің әртүрлі себептері бар екенін біледі (мысалы, оқушылардың оқу үлгерімі мен алға жылжуын арттыру, бағалау, болашақ үлгерімді болжау) • Оқу сапасын жақсарту үшін сыныпшілік бағалаудың әртүрлі түрлері (мысалы, бірнеше таңдау жауаптары тапсырмалар, эссе, портфолио және т. б.) қолданылатынын біледі 	<ul style="list-style-type: none"> • Өз жұмысын бағалау үшін рубрикаларды қалай пайдалану керектігін біледі • Кері байланыс сипаттамалық болуы мүмкін екенін біледі • Бағалау нәтижелерін оқытуды түсіну және болашақ оқыту үшін мақсат қою үшін қалай пайдалану керектігін біледі • Стандарттарды түсіну және өз оқуын қолдау үшін оқу мақсаттарын пайдаланады • Өз оқуын жақсарту үшін кері байланысты пайдаланады • Өз жетістіктерін қалай жақсарту үшін шешім қабылдауда кері байланысты пайдаланады • Өз оқу ұстанымдары мен ұмтылыстарын жақсарту үшін кері байланысты пайдаланады • Мұғалімдер мен отбасына бағалау нәтижелерін түсіндіреді және баяндайды • Өз жұмысын құрдастарымен және мұғалімдермен бірлесіп немесе онсыз тексеру үшін балдық нұсқаулықтарды пайдаланады • Уақыт өте келе өз оқуын қадағалайды

<ul style="list-style-type: none"> • Бағалаудың әртүрлі түрлері оқушылардың не білетіні және не істей алатыны туралы әртүрлі ақпарат беретінін біледі 	<ul style="list-style-type: none"> • Оқуындағы тенденцияларды анықтау үшін уақыт өте келе бірнеше дереккөздерді пайдаланады
--	--

Дереккөз: Nebraska Department of Education. Student and Family Foundational Statements. 2022. <https://www.education.ne.gov/wp-content/uploads/2022/05/StudentFamilyFoundationalStatements.pdf>

СИНГАПУР


Бағалау «Сингапурлық оқыту практикасы» (*Singapore Teaching Practice – STP*) ұлттық моделінің төрт негізгі құрамдас бөлігінің бірі болып табылады. Бұл модельді Білім министрлігі 2021 жылы енгізді және Сингапур мектептерінде оқыту мен білім берудің қаншалықты тиімді жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді. STP үш блоктан тұрады: 1) «Сингапурдың оқу бағдарламасының философиясы»; 2) «Педагогикалық практика»; 3) «Педагогикалық практикаға негіз болатын білім базалары». STP компоненттері мұғалімдерді рефлексивті практиктер мен білім беру көшбасшылары ретінде дамытуға қолдау көрсетуге бағытталған кең экожүйеде орналасқан¹⁸.

«Педагогикалық практика» блогы мұғалімдер педагогикалық ойлауды жүзеге асыратын мақсатты аналитикалық кәсіби қызмет ретінде тұжырымдалады, онда мұғалімдер педагогикалық ойлауды, проблемаларды зерттейді және өздерінің кәсіби шеберліктерін нығайтуға тырысып, оқыту мен білім берудің өзіндік тұжырымдамасын жасайды. Бұл бөлім мұғалімдер сабақтарды жоспарлау, өткізу және талдау кезінде ескеретін 24 оқыту саласын қамтитын 4 оқу үдерісінен тұрады. Оқытудың әр саласында мұғалімдер бейімдей алатын және қызығушылық танытатын оқуды қамтамасыз ету үшін қолдана алатын өзіндік оқу әрекеттерін қарастырады.

Төрт оқу процесінің бірі – **«Бағалау және кері байланыс»**, ол оқытудың 3 бағытынан тұрады (материалды түсінуді тексеру және кері байланыс беру, өз бетінше оқытуды қолдау және мазмұнды оқу тапсырмаларын беру) (1.4-сурет).

¹⁸ Liu, Woon. (2021). Singapore’s Approach to Developing Teachers: Hindsight, Insight, and Foresight. 10.4324/9780429433641.

1.4-сурет. «Сингапурлық оқыту практикасы (STP)» моделіндегі «Педагогикалық практика» блогының мазмұны



Дереккөз: Liu, Woon. (2021). Singapore's Approach to Developing Teachers: Hindsight, Insight, and Foresight. 10.4324/9780429433641.

2009 жылдан бастап Сингапурда бастауыш білім беру деңгейінде сыныпшілік бағалауды жетілдіруге бағытталған реформалар басталды. **Атап айтқанда, формативті бағалауды белсенді жүзеге асыруға және жиынтық тәжірибені нығайтуға баса назар аудара отырып, «Біртұтас бағалауға» (Holistic Assessment) көшу жарияланды.**

Біртұтас бағалаудың негізгі мақсаты – баланы оқытудың әртүрлі аспектілері туралы әртүрлі ақпарат көздерінен үнемі ақпарат жинау

арқылы оның дамуын қолдау және бағыттау үшін кері байланысты қамтамасыз ету. Осы реформаны табысты іске асыру үшін мұғалімдердің оқушыларға сапалы және егжей-тегжейлі кері байланыс беруі үшін формативті бағалау дағдыларын (мысалы, рубрикаларды пайдалану) дамыту бойынша шаралар қабылданды.

Мектептерде Білім министрлігінің қолдауымен мұғалімдердің бағалау саласындағы сауаттылығы мен құзыреттілігін одан әрі арттыру үшін педагогтердің оқу қауымдастықтары (Teacher Learning Communities – TLC) құрылды (William, 2009). TLC барысында барлық пән мұғалімдері бірлескен оқыту, сыныптағы тәжірибелер және әріптестерді құрылымдық бақылау және кері байланыс алу арқылы сыныптағы формативті бағалау стратегияларын тиімдірек пайдалануды үйренеді.

Сонымен қатар мектептерде оқушылардың ата-аналарына «Дамудың біртұтас бейінін» ұсыну көзделген, онда баланың бір жылдағы қол жеткізілген оқу үлгерімінің толық бейнесі көрсетілген.

Білім министрлігі мұғалімдерге формативті және жиынтық бағалаудың тиісті оқу тапсырмаларын әзірлеуді жеңілдету үшін әр деңгейдің соңында әр пән бойынша оқу нәтижелеріне қол жеткізуге қатысты нақты ұсыныстар береді. Сондай-ақ, мектептерге 1 және 2 сыныптардағы емтихандарға мен бақылау жұмыстарына тым көп көңіл бөлуден бас тарту және оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға көмектесу үшін бағалаудың шағын түрлерін пайдалану ұсынылды.

Сингапур мектептерінде Біртұтас бағалауды енгізу үш кезеңде өтті:

1) Жобасын жасау (2009-2010 жж.):

- Біртұтас бағалауды жүзеге асырудың прототипін жасау үшін 16 пилоттық мектептермен серіктестік;
- пилоттық мектептермен бірлесіп ресурстар мен әдістерді әзірлеу;

2) Енгізу кезеңі (2011-2013 жж.):

- Біртұтас бағалауды іргелі түсінуді дамыту;
- бағалау балансы, бағалау сапасы және білім алушыларды тарту қағидаттарына негізделген Біртұтас бағалаудың негізгі ерекшеліктерін енгізу (1.7-кесте);

3) Тереңірек енгізу кезең (2014-2016 жж.):

- бағалау саласында мұғалімдер құзыреттілігін арттыру;

- педагогика мен оқу бағдарламасындағы өзгерістермен бірге бағалау сапасын арттыру.

1.7-сурет. Біртұтас бағалаудың негізгі ерекшеліктері (Сингапур)

• Жалпымектептік қатысым, барлық деңгейде іске асыру
• Формативті бағалауға баса назар аудару
• Жиынтық бағалауды күшейту
• Бағалаудың тиісті әдістері мен тәсілдерін қабылдау
• Білім беру сапасын арттыру үшін бағалау нәтижелері туралы ақпаратты қолдану
• Оқыту сапасын арттыру үшін бағалау нәтижелері туралы ақпаратты қолдану
• Біртұтас есептілік пен коммуникацияны енгізу
• Бағалау жүйесі мен құрылымын қайта қарау және жетілдіру

Қабылданған шаралардың нәтижесінде 2013 жылға қарай Сингапурдың барлық бастауыш мектептері Біртұтас бағалауды жүзеге асыруға көшті¹⁹.

Осылайша, Сингапурдағы сыныпшілік бағалау формативті тәжірибені кеңінен қолдануды білдіреді. Формативті бағалауды жүзеге асыру кезінде сингапурлық мұғалімдер жиынтық бағалау кезінде оқушылардың жоғары баға алуына бағытталған педагогикалық тәжірибелерді қолданудан аулақ болады. Керісінше, бағалаудың фокусы формативті тәжірибелерге және әртүрлі кері байланыс беруге бағытталған (1.8-кесте).

1.8-кесте. Бір мектептің мысалында 3-сыныпқа арналған бағалау әдістеріне шолу (Сингапур)

Бағалау әдістері	Әдіс нені қамтиды және бағалау қалай өтеді	Кері байланыс қалай беріледі
Тақырыптарға/бөлімдерге шолу	Тақырыпты меңгеру деңгейін бағалайтын «мини-тесттер»	• Оқушыларға балл қойылады

¹⁹ Lee C. et al. Holistic assessment implementation in Singapore primary schools-part I: Using assessment to support the learning and development of students //International Association of Educational Assessment Conference, Singapore. – 2014. <https://docplayer.net/21432352-Holistic-assessment-implementation-in-singapore-primary-schools-part-i-using-assessment-to-support-the-learning-and-development-of-students.html>

Тапсырмалар	<p>Дағдыларды меңгеру деңгейін көрсету үшін оқушылардың іс-әрекеті. Пәндер бойынша тақырыптық мысалдарға мыналар жатады:</p> <table border="1" data-bbox="662 479 1069 913"> <tr> <td data-bbox="662 479 839 636">Ағылшын тілі/Ана тілі</td> <td data-bbox="839 479 1069 636">Әңгіме құрастыру Ауызша презентациялар</td> </tr> <tr> <td data-bbox="662 636 839 831">Математика</td> <td data-bbox="839 636 1069 831">Күнделікті заттардың ұзындығы мен массасын өлшеу</td> </tr> <tr> <td data-bbox="662 831 839 913">Ғылым</td> <td data-bbox="839 831 1069 913">Зерттеу тапсырмалары</td> </tr> </table>	Ағылшын тілі/Ана тілі	Әңгіме құрастыру Ауызша презентациялар	Математика	Күнделікті заттардың ұзындығы мен массасын өлшеу	Ғылым	Зерттеу тапсырмалары	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушылар үшін тапсырмада көрсетілген дағдыларды игеру деңгейі көрсетілген рубрика ұсынылған. Ол сондай-ақ дағдыларды меңгерудің келесі деңгейі қандай болатынын көрсетеді. • Оқушылар мұғалімдерден немесе сыныптастарынан жазбаша түсініктеме ала алады. • Оқушылар өздерін бағалау үшін тапсырмалардың сәттілігін тексеру парағын (чек-лист) қолдана алады.
Ағылшын тілі/Ана тілі	Әңгіме құрастыру Ауызша презентациялар							
Математика	Күнделікті заттардың ұзындығы мен массасын өлшеу							
Ғылым	Зерттеу тапсырмалары							
Тоқсандық шолулар	Оқушылардың бір немесе бірнеше тақырыптар / бөлімдер бойынша тұжырымдамалар мен дағдыларды игеруін бағалайтын тапсырмалар	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушыларға балл қойылады 						

Дереккөз: Primary 3 Holistic Assessment Plan. New Town Primary School. Singapore. 2022. <https://www.newtownpri.moe.edu.sg/files/P3%20Holistic%20Assessment%20Plan%202022.pdf>

Сингапурлық зерттеушілер формативті бағалау мұғалімнің құзыреттілік деңгейіне байланысты жоғары және төмен деңгейде жүргізілуі мүмкін екенін атап өтті. Төмен деңгейдегі формативті бағалау жиынтық бағалауға ұқсайды, сондықтан сарапшылар мектептерде тек емтихан/тест нәтижелерімен байланысты емес, білім алушыларға және олардың жеке жетістіктеріне бағытталған жоғары деңгейлі формативті бағалауды қолдануға кеңес береді (1.9-кесте)²⁰.

²⁰ SingTeach. Assessment for Learning (AFL) in Singapore Secondary Schools: Case Studies of Professional Learning. <https://singteach.nie.edu.sg/2021/04/22/assessment-for-learning/>

1.9-кесте. Формативті бағалау сипаттамаларының өзгеруі

Сипаттамалар	Жоғары деңгейлі формативті бағалау	Төмен деңгейлі формативті бағалау
Оқушы нені үйренгенінің дәлелі	Бағалаудың әртүрлі элементтері – мақсатты (стандартталғаннан) іріктелгенге дейін (өздігінен таңдалған)	Негізінен мақсатты (стандартталған) бағалау элементтері
Тартылған қатысушылар /Міндеттерді таңдау	Мұғаліммен және оқушымен бағытталған	Мұғаліммен бағытталған
Оқытудағы түзетулер	Оқушылардың икемділіктерімен жеке ерекшеліктерін ескеру	Алдын ала ойластырылған және кейінге қалдырылған
Кері байланыс	Төмен үлгерімі бар оқушылар үшін – дереу және жеке, ал жоғары үлгерімі бар оқушылар үшін – кейінге қалдырылған	Барлық оқушылар үшін негізінен кейінге қалдырылған
Оқушылардың өзін-өзі бағалау рөлі	Кіріктірілген	Өте аз немесе жоқ
Мотивация	Ішкі	Сыртқы (тек жиынтық бағалауды жақсы тапсыру үшін)
Сыныптағы мәдениет	Қателіктер жіберуге арналған бейресми, интерактивті және қауіпсіз аймақ	Ресми және бәсекеге қабілетті

Дереккөз: Assessment for Learning (AfL) in Singapore Secondary Schools: Case Studies of Professional Learning. Адаптировано из: McMillan, 2010, стр. 43

Сингапурда жоғары деңгейдегі формативті бағалауды тарату үшін білім алушылардың оқытудың неғұрлым кең нәтижелеріне қол жеткізуіне бағдарланған формативті бағалауды іске асыру жөніндегі шеңбер әзірленді. Мұндай мақсатты қайта бағдарлау оқушылардың өмір бойы оқуға деген ұмтылысын қолдауға бағытталған (life-long learning). Бұл шеңбер бағалау стратегияларының немесе

құралдарының жиынтығы ғана емес, оқытуды қолдайтын мақсатты процесс болып табылады²¹.

Шеңбер формативті бағалаудың түпкі мақсаты білім алушыларға өз оқуы үшін жауапкершілікті алуға көмектесу болып табылады деп болжайды. Мысалы, тақырыпты зерттеудің бастапқы кезеңінде білім алушыларға «Мен қайда бара жатырмын?» деген сұрақты мұғалім әдетте оқыту мақсаттарында түсіндіреді, рубрикаларды талқылайды және т.б. Формативті бағалаудың осы кезеңінде мұғалімдер әдетте оқыту рөлін атқарады. Кейінгі кезеңдерде мұғалімнің рөлі оқушыларға «Мен қазір оқытудың қай кезеңідемін?» және «Келесі кезеңге қалай өтуім керек?» сауалдарын ойлауға мүмкіндік беретін жағдайда болуы керек (1.5-сурет).

1.5-сурет. Оқушыға бағытталан формативті бағалау процесінің шеңбері (Сингапур)



Дереккөз: Dr Leong Wei Shin, Project RS 3/18 LWS funded by the National Institute of Education, NTU, Singapore. Adapted by Knowledge Mobilisation Unit, Office of Education Research, NIE, 2019. <https://singteach.nie.edu.sg/2021/04/22/assessment-for-learning/>

²¹ SingTeach. Assessment for Learning (AfL) in Singapore Secondary Schools: Case Studies of Professional Learning. <https://singteach.nie.edu.sg/2021/04/22/assessment-for-learning/>

АВСТРАЛИЯ

Австралиялық мұғалімдерге қойылатын негізгі кәсіби талаптардың бірі – сыныпшілік бағалаудың жоғары дағдылары болып табылады. Сонымен, Австралиялық мұғалімнің кәсіби стандартындағы (Australian Professional Standards for Teachers) жеті стандарттың бірі бағалауды кеңінен қамтиды:

- Стандарт 1: Оқушыларды және олардың қалай оқитынын білу
- Стандарт 2: Оқу бағдарламасының мазмұнын және оны қалай оқыту керектігін білу
- Стандарт 3: Тиімді оқыту мен білім беруді жоспарлау және жүзеге асыру
- Стандарт 4. Жайлы және қауіпсіз оқу ортасын құру және қолдау
- Стандарт 5: **Бағалау, кері байланыс ұсыну және оқушыларды оқыту туралы ақпараттандыру**
- Стандарт 6: Кәсіптік оқытуға тарту
- Стандарт 7: Әріптестермен, оқушылардың ата-аналармен / қамқоршылармен және қоғамдастықпен кәсіби қарым-қатынас жасау.

Бағалау, кері байланыс беру және оқушыларды оқыту туралы ақпараттандыру стандарты 5 негізгі бағытты қамтиды:

- 1) білім алушылар оқуын бағалау;
- 2) оқушыларға олардың оқу туралы кері байланыс беру;
- 3) дәйекті және салыстырмалы пайымдаулар жүргізу;
- 4) оқушылардың деректері мен нәтижелерін түсіндіру;
- 5) оқушылардың үлгерімі туралы хабарлау/есеп беру.

Осы бағыттардың әрқайсысы бойынша мұғалімнің кәсіби мансабының әртүрлі кезеңдеріндегі дескрипторлар ұсынылған. Мұғалімнің біліктілік санаты неғұрлым жоғары болса, оның бағалау дағдыларына қойылатын талаптар соғұрлым жоғары болады (1.10-кесте).

1.10-кесте. Австралиялық мұғалімнің кәсіби стандартындағы педагогтердің бағалау дағдыларына қойылатын талаптар (Австралия)

СТАНДАРТ 5. БАҒАЛАУ, КЕРІ БАЙЛАНЫС ҰСЫНУ ЖӘНЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ			
<i>Мансаптың әрбір кезеңіндегі дескрипторлар (өсуі бойынша)</i>			
Жас мұғалім-түлек: дипломы бар жас маман (Graduate)	Тәжірибелі мұғалім (Proficient)	Біліктілігі жоғары мұғалім (Highly Accomplished)	Жетекші маман (Lead)
Бағыты 5.1. Білім алушылардың оқуын бағалау			
Оқушылардың оқуын бағалаудың бейресми және ресми, диагностикалық, формативті және жиынтық тәсілдерін қоса алғанда, бағалау стратегияларын түсінуді көрсетеді	Оқушылардың оқуын бағалау үшін бейресми және ресми, диагностикалық, формативті және жиынтық бағалау стратегияларын әзірлейді, таңдайды және қолданады	Оқыту қажеттіліктерін диагностикалау, оқу бағдарламасының талаптарын сақтау және әріптестеріне бағалау тәсілдерінің тиімділігін бағалауда қолдау көрсету үшін бағалау стратегияларының кең ауқымын әзірлейді және қолданады	Оқу қажеттіліктерін диагностикалау үшін бағалау деректерін пайдалану, оқу бағдарламасының, жүйенің және/немесе мектептің талаптарын орындау және бағалау стратегияларының ауқымын пайдалану: әріптестерге көмектесу үшін мектептегі бағалау саясаты мен стратегияларын бағалау үшін көмек ретінде қолданады
Бағыты 5.2. Оқушыларға олардың оқу туралы кері байланыс беру			
Оқушыларға олардың оқуы туралы уақтылы және қолайлы кері байланыс беру мақсатын түсінуді көрсетеді	Оқушыларға оқу мақсаттарына қатысты жетістіктері туралы уақтылы, тиімді және қолайлы кері байланыс береді	Оқуда ілгерілеу үшін әр оқушының ағымдағы қажеттіліктері туралы ақпараттандырылған және уақтылы пайымдауларға негізделген мақсатты кері байланысты қамтамасыз ету үшін тиімді стратегия спектрін таңдайды	Кері байланыс берудің үлгілі тәжірибесін модельдейді және уақтылы, тиімді мен қолайлы кері байланыс стратегияларын қолдануда әріптестерді қолдау бағдарламаларын бастайды
Бағыты 5.3. Дәйекті және салыстырмалы пайымдаулар жүргізу			
Оқушылардың оқуы туралы дәйекті және салыстырмалы пайымдауларды қолдау үшін бағалау модерациясы және оны қолдану туралы түсінікті көрсетеді	Оқушылардың оқуы туралы дәйекті және салыстырмалы пайымдауларды қолдау үшін бағалау модерациясының іс-шараларын түсінеді және қатысады	Оқушыларды оқыту туралы дәйекті және салыстырмалы пайымдауларды қолдайтын бағалауды модерациялау бойынша іс-шараларды ұйымдастырады	Оқу бағдарламасына, мектеп немесе жүйелік талаптарға сәйкес оқушылардың оқуын дәйекті және салыстырмалы бағалауды қамтамасыз ететін модерация қызметін басқарады және бағалайды
Бағыты 5.4. Оқушылар туралы деректері мен нәтижелерін түсіндіру			
Оқушылардың оқуын бағалау және оқыту	Оқушылардың пән/мазмұн туралы	Оқушылардың ішкі және сыртқы бағалау деректерін	Педагогикалық тәжірибені жақсарту үшін

тәжірибесін өзгерту үшін оқушылардың бағалау деректерін түсіндіру қабілетін көрсетеді	түсінігін талдау және бағалау, араласу шараларын анықтау және оқыту тәжірибесін өзгерту үшін оқушылардың бағалау деректерін пайдаланады	оқыту мен оқуды бағалау, араласу шараларын анықтау және оқыту тәжірибесін өзгерту үшін пайдалану үшін әріптестермен жұмыс істейді	оқушылардың ішкі және сыртқы бағалау деректерін пайдалана отырып, оқушылардың үлгерімі мен оқу бағдарламасын бағалауды үйлестіреді
---	---	---	--

Бағыты 5.5. Оқушылардың оқу үлгерімі туралы хабарлау / есеп беру

Оқушылар мен ата-аналарға/ қамқоршыларға есеп берудің бірқатар стратегияларын, сондай-ақ оқушылардың үлгерімін дәл және сенімді есепке алу мақсаттарын түсінуді көрсетеді	Оқушылар мен ата-аналарға/ қамқоршыларға дәл және сенімді деректерді қолдана отырып, оқушылардың жетістіктері туралы нақты, дәл және құрметпен хабарлайды	Оқушылар мен ата-аналарға/ қамқоршыларға оқушылардың оқуы мен оқу үлгерімі туралы нақты, ақпараттық және уақтылы есептер жасау үшін әріптестерімен бірге жұмыс істейді.	Оқушылардың, ата-аналардың /қамқоршылардың және әріптестердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін мектептегі есеп беру тетіктерін бағалайды және қайта қарайды
---	---	---	--

Дереккөз: Australian Institute for Teaching and School Leadership 2011, *Australian Professional Standards for Teachers*, AITSL, Melbourne. <https://www.aitsl.edu.au/docs/default-source/national-policy-framework/australian-professional-standards-for-teachers.pdf>

Соңғы жылдардағы Австралиядағы білім беру реформаларын талдау бағалау бөлігінде мектептерде формативті тәжірибелерді жүзеге асырудың тиімділігін арттыруға ерекше назар аударылғанын көрсетті. Ол үшін ұлттық деңгейде түрлі бастамалар енгізілуде. Мысалы, 2019 жылдан бастап Австралияда «Формативті онлайн-бағалау» ұлттық бастамасы (the Online Formative Assessment Initiative) іске асырылуда. Ол мұғалімдерге онлайн бағалау құралдары арқылы оқушылардың үлгерімін бақылауға көмектесуге бағытталған.

Атап айтқанда, бастама мұғалімдердің формативті бағалау дағдыларын жетілдіру үшін оқу барысын өлшеу құралдарын, онлайн ресурстарды және кәсіптік оқытуды әзірлеуді қамтиды. Ұсынылған құралдар мұғалімдерге келесі міндеттерге қол жеткізуге көмектесуге бағытталған:

- оқушылардың оқудың қай кезеңінде екенін тиімді анықтау;
- әрі қарайғы әрекеттер/стратегиялар туралы негізделген шешімдер қабылдау;
- уақыт өте келе оқу үлгеріміне қол жеткізу үшін оқушылардың оқуын қадағалау.

Бастама кезең-кезеңмен іске асады:

1) 2019 ж. – оқытудағы прогресті және келісілген бағалау құралдарын зерттеу, мұғалімдермен олардың қажеттіліктері мен таңдаулы жұмыс нысандарын анықтау үшін өзара іс-қимыл жасау, жаңа тәжірибелерді одан әрі табысты енгізу үшін кәсіптік оқыту саласындағы зерттеулер арқылы бастапқы талдамалық жұмыс («ашу» кезеңі);

2) 2020-2021 жж. – цифрлық өнімдердің прототиптерін әзірлеу және тестілеу, мұғалімдермен, мектеп басшыларымен, оқушылармен, ата-аналармен/қамқоршылармен бірлесіп кәсіптік оқыту («альфа» кезеңі);

3) 2022 жылдан бастап әзірленген онлайн-ресурстарды және соған байланысты кәсіптік оқытуды біртіндеп тарату («бета» кезеңі)²².

Осы ұлттық бастаманың жалғасы «Формативті бағалау ресурстарының Ұлттық банкі» (NFARB) жобасы болды. Бастаманы Австралия штаттары мен аумақтарының Білім министрлері бастады, олар 2022 жылы барлық мұғалімдерге австралиялық оқу бағдарламасына сәйкес онлайн-бағалау ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік беру үшін Ұлттық формативті бағалау ресурстар банкінің құру мүмкіндігін зерттеуге келісті.

Ұлттық ресурстар банкінің құруға көмектесу үшін мектептермен өткізілетін іс-шараларға бағалау құралдарын австралиялық 9.0 нұсқасының оқу бағдарламасына сәйкестендіру және шығындар мен тиімділікті есепке алу бойынша екі пилоттық жоба кіреді.

- Бірінші пилоттық жоба (2023 ж., тамыз) шамамен 18 мектепті қамтиды. Қатысушы мектептерге 4, 6 және 8 сынып оқушыларына ағылшын тілі және математика пәндерінен іріктемелі тесттер алуға және өткізуге ұсынылды. Алғашқы пилоттық жоба барысында оқушылар туралы жеке ақпарат жиналмайды. Мектептің қатысуы ерікті және қаржыландырылады. Қатысу қысқа мерзіммен шектеледі.

- Екінші пилоттық жоба (2024 жылы екінші және үшінші тоқсанда өтеді) көбірек мектептерді және дайындық сыныбынан 10-сыныпқа дейінгі оқушыларға арналған ағылшын тіл және математика пәндерін бағалаудың кең ауқымын қамтиды.

Қатысушы мектептердің мұғалімдері пилоттық жобалар кезінде бағалау жүйесін жақсарту процесіне қатысады. 2024 жылдың соңында



²² Online Formative Assessment Initiative. Department of Education, Skills and Employment. Australia. 2021. <https://www.education.gov.au/quality-schools-package/resources/online-formative-assessment-initiative>

аяқталатын жобаның нәтижесі: Австралияның штаттары мен аумақтарының Білім министрлеріне арналған жоба нәтижелері бойынша әзірленген ұсыныстар және Ұлттық формативті бағалау ресурстар банкі²³.

ЖАҢА ЗЕЛАНДИЯ

Жаңа Зеландияда 1990 жылдардан бастап баса назар жиынтық бағалау тәсілдерінен («оқытуды бағалау») формативті тәсілдерге («оқыту үшін бағалау») ауысуға аударылды (1.11-кесте). Қазіргі уақытта Жаңа Зеландия мектептерінде формативті және жиынтық бағалау жүзеге асырылуда. Бағалаудың екі түрі бір-бірімен байланысты және зерттеуге, шешім қабылдауға, бейімделуге және оқу процесін жақсартуға бағытталған.

1.11-кесте. Бағалау тәсілдерін трансформациялау (Жаңа Зеландия)

 Бағалау нормативтік міндеттеме ретінде	 Бағалау оқыту мен білім беруді ақпараттандыру құралы ретінде
<p>Прогресс пен жетістіктер тек ресми бағалау құралдарының көмегімен бағаланады. Оқу барысы тиісті түрде құжатталмайды және педагогтер арасында таратылмайды</p>	<p>Мұғалімдердің негізделген пайымдаулары сенімді бағалау құралдарымен қамтамасыз етіледі, ал мұғалімнің сыныптағы оқушылармен үнемі бақылаулар мен талқылаулары олардың прогресс пен жетістік туралы ақпарат береді</p> <p>Оқу барысы жақсы құжатталған және оқушылардың жұмысының мысалдарымен, мұғалімдердің бақылауларымен және бағалау құралдары туралы ақпаратпен қамтамасыз етілген. Мұғалімдер мен оқушылар оқу бағдарламасының әртүрлі деңгейлеріндегі прогресс туралы жалпы түсінікке ие</p>
<p>Мұғалімдердің пайымдаулары модерацияланбайды. Сапалы бағалауды қалай жүргізу керектігі туралы бірыңғай түсінік жоқ</p>	<p>Модерацияның тиімді әдістері әртүрлі деңгейлерде сапалы бағалауды қалай жүргізу керектігін анықтайды. Оқушылардың мысалдары әртүрлі жетістік деңгейлерін көрсету үшін қолданылады</p>

²³ National Formative Assessment Resource Bank (NFARB) project. Australian Curriculum, Assessment and Reporting Authority. <https://acara.edu.au/curriculum/research-and-reports/nfarb>

Жыл бойғы прогресс пен жетістіктерді бағалау үшін бірнеше құралдар қолданылады	Мұғалімдердің бақылаулары мен оқу талқылауларынан басқа, аздаған құралдарды мақсатты пайдалануды көрсететін жалпымектептік жоспар бар
Мектепте бағалау құралдарына арналған стандартталған рәсімдер жоқ	Әрбір мұғалім құрал жасаушылардың нұсқауларына сәйкес бағалау құралдарын басқаруды біледі. Мұғалімдердің рәсімдерді (процедураларды) талқылауға уақыты бар
Бағалау – бұл оқушылар үшін олардың қатысуынсыз жүзеге асырылатын нәрсе. Оқушылар бағалауды «тест» ретінде және алаңдаушылықпен қабылдайды	Оқушылар бағалау процесіне қатысады және оны оқу мүмкіндігі ретінде қарастырады. Олар бар күш-жігерін салуға және олардың оқу процесінің қалай жүріп жатқанын білуге ынталы. Оқушылар құрдастарымен және мұғалімдермен қандай деңгейде екенін, нені жақсартқысы келетінін және басқалар оларға қалай көмектесе алатынын талқылайды
Бағалау кейде тек мектеп басшыларына немесе сыртқы білім беру органдарына ақпарат беру үшін жасалады	Бағалаудың барлық формалары мен әдістері мүдделі тараптарға, әсіресе білім алушылар мен мұғалімдерге әрі қарай әрекет ету үшін құнды ақпарат беру үшін мұқият таңдалады
Мектепте іріктелген мамандар бағалау нәтижелері туралы ақпаратты талдауды жүргізеді, ал нәтижелер мұғалімдерге ұсынылады	Мұғалімдер бағалау мен талдау жүргізуге қабілетті және оқушылардың одан әрі оқыту стратегияларын анықтау үшін сынып/топ деректерімен жұмыс істеуге қызығушылық танытады

Дереккөз: Ministry of Education of New Zealand. <https://assessment.tki.org.nz/Assessment-for-learning>

Формативті бағалау нәтижелерін тиімді пайдалану күнделікті білім беру тәжірибесінің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл жетістіктер мен прогресті, күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, сондай-ақ оқу процесін күнделікті жақсарту үшін одан әрі шаралар қабылдауға бағытталған диагностикалық процесс. Қажетті шараларды толық жүзеге асырған кезде формативті бағалау түрлендіргіш болады (Porham, 2008).

Жиынтық бағалау нәтижелерін тиімді пайдалану белгілі бір уақытта жетістіктерді «қорытындылаумен» байланысты. Бұл ақпаратты белгілі бір уақыттағы жетістіктер деңгейін анықтау үшін ғана емес, сонымен қатар күтілетін прогреспен салыстырғанда белгілі бір уақыт

аралығында қандай прогреске қол жеткізілгенін бағалау үшін де пайдалануға болады.

Жаңа Зеландияның Білім министрлігі тиімді бағалаудың келесі негізгі принциптерін анықтады (1.6-сурет).

1.6-сурет. Тиімді бағалау принциптері (Жаңа Зеландия)



Декеркөз: Ministry of Education Position Paper: Assessment [Schooling Sector]. 2011. <https://assessment.tki.org.nz/Media/Files/MN-files/Ministry-of-Education-Position-Paper-Assessment-Schooling-Sector-2011>

Жаңа Зеландияда білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде бағалау нәтижелерін кешенді пайдалануға ерекше назар аударылады. Елдегі бағалаудың тиімділігі бағалау нәтижелері туралы

жиналған және түсіндірілген ақпараттың оқыту мен білім беруді жақсарту үшін қалай қолданылатындығымен анықталады. Сонымен қатар, тиімді бағалау тек сыныптың / мектептің міндеті емес. Бағалау туралы ақпарат оқу процесін жетілдіру мақсатында білім беру жүйесінің барлық деңгейлері ішінде де, арасында да пайдаланылады. Мысалы, мектеп деңгейінде – кәсіби диалог, мектептегі талдау және мектеп саясаты мен практикасын дамыту контекстінде, жүйелік деңгейде – жүйелік мониторинг пен бағалау, жалпы бағдарламаларды, саясаттар мен тәжірибелерді талдау және әзірлеу контекстінде.

Басқаша айтқанда, мұндай «бағалауды қорытындылау» жеке, жалпымектептік және жүйелік зерттеулер үшін ақпарат бере алады және оқытуды жетілдіруге бағытталған саясат пен тәжірибені жетілдіру үшін қолданылады. Осылайша, білім беру сапасын арттыру жүйенің барлық деңгейлерінде – сыныпта, мектепте және салалық мекемелерде бағалау нәтижелері туралы сапалы ақпаратты тиімді жинауға және пайдалануға байланысты.

Жаңа Зеландияның білім беру жүйесінде «*білім алушы*» *сыныптар* + «*білім алушы*» *мектептер* + «*білім алушы*» *сектор* = «*білім алушы*» *жүйе* тұжырымдамасы негізгі болып табылады, оның мәні барлық деңгейдегі барлық стейкхолдерлердің белсенді рөл атқаруда жатыр.

«Білім алушы» сыныптары. Жеке оқушылардың үлгерімі мен жетістіктері туралы ақпарат мұғалімдердің, оқушылардың, сондай-ақ ата-аналардың оқуын жақсартуға ықпал етеді. Бұл олардың арасындағы өзара әрекеттесудің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Білім алушы» мектептер. Бағалау мектеп басшыларының жетекшілігімен әртүрлі сыныптар/пәндер мұғалімдер арасында кәсіби пікірталастар жүргізуге мүмкіндік береді және мектеп деңгейінде жинақтау кезінде мектеп басшыларына мектептің саясатын, бағдарламалары мен басымдықтарын талдауға, мұғалімдердің кәсіби дайындығы мен дамуын жоспарлауға мүмкіндік береді.

«Білім алушы» секторы. Оқушылардың үлгерімі туралы ақпарат мектептер анықтаған басымдықтармен бірге салалық құрылымдардың қолдау шараларын қалай жақсы үйлестіру, тиісті ұсыныстар беру,

сондай-ақ негізделген саяси шешімдер қабылдау және ресурстарды тиімді бөлу туралы шешім қабылдауына ықпал етеді (1.7-сурет).

1.7-сурет. Жаңа Зеландияның білім беру жүйесінің әртүрлі деңгейлеріндегі бағалау нәтижелері туралы ақпаратты пайдалану



Серіктестік: оқушылардың ата-аналары, оқу қауымдастықтары

Дереккөз: Ministry of Education Position Paper: Assessment [Schooling Sector]. 2011. <https://assessment.tki.org.nz/Media/Files/MN-files/Ministry-of-Education-Position-Paper-Assessment-Schooling-Sector-2011>

«Білім алушы» сыныптарда:

- барлық оқушылар өзін-өзі бағалауға және өз оқуын басқаруға қабілетті және қызығушылық танытады;
- оқушыларға білім беру қажеттіліктері мен уәждемелерін ескере отырып, оқытудың жеке траекториялары қарастырылған;
- оқушылардың үлгерімін арттыру сыныпшілік бағалаудың тиімділігін арттырумен байланысты;
- мұғалімдер оқыту траекториясын реттеу үшін бағалаудың әртүрлі формалары мен әдістерін және бағалау нәтижелері туралы кең ақпаратты пайдаланады;
- мұғалімдер өз тәжірибелерін рефлексиялайды және бағалау дағдыларын жетілдіреді;

- ата-аналар бағалау нәтижелері туралы мазмұнды ақпарат алады, баласының оқуын қолдау үшін осы ақпаратты пайдалануда қолдау көрсетіледі;

- мұғалімдер оқушыларымен және олардың ата-аналарымен оқу әңгімелерін сапалы ақпарат алмасу процесі ретінде қарастырады (1.8-сурет).

1.8-сурет. «Білім алушы» сынып қатысушыларының рөлі (Жаңа Зеландия)



Дереккөз: Ministry of Education Position Paper: Assessment [Schooling Sector]. 2011. <https://assessment.tki.org.nz/Media/Files/MN-files/Ministry-of-Education-Position-Paper-Assessment-Schooling-Sector-2011>

«Білім алушы» мектептерде:

- оқушылардың үлгерімінің жақсартылған және тұрақты нәтижелері жақсартылған сыныпшілік бағалау жүйесімен байланысты;
- мектеп басшылары өз оқушыларының жеке ерекшеліктерін түсінеді және сараланған бағалауды ұйымдастырады;
- мектеп басшылары бағалаудың сапалық және сандық нәтижелері туралы ақпаратты пайдаланады, оқыту мен бағалау тәжірибесін үнемі жақсартуды жоспарлайды, ресурстарды тиімді бөледі;

- мектеп басшылары педагогтердің кәсіби дамуы үшін тиісті мүмкіндіктер ұсынады;
- мектеп басшылары мұғалімдерді ақпарат алмасуға және дәлелді кәсіби диалогқа қатысуға шақырады және қолдайды;
- қамқоршылық кеңестер өздерінің мектеп қауымдастығының ерекше сипатын және бұл олардың саясаты мен менеджер ретіндегі тәжірибесі үшін нені білдіретінін түсінеді.

Дереккөз: Оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыру үшін математика сабақтарында өлшемшартты түрде бағалауды қолдану (Е. Н. Титова, математика мұғалімі, Ресей, 2015)

Формативті бағалаудың, БЖБ және ТЖБ оқу тапсырмалары зерттелген тақырыптар мен оқытудың қол жеткізілген мақсаттары негізінде жасалуы керек. ТЖБ жүргізу кезінде педагог тапсырмаларының техникалық ерекшелігі негізінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттарын жасайды.

Тапсырманы әзірлеу кезінде мұғалімдер оның түрін анықтауы керек:

- жабық тапсырмалар (бір / бірнеше дұрыс жауаптарды таңдаумен, сәйкестікті орнатуға, артықты жоюға, реттілікті анықтауға, шындық/ өтірік және т. б.)

- ашық тапсырмалар (эссе, қысқаша жауап, кеңейтілген жауап, шығармашылық және зерттеу тапсырмалары, практикалық жұмыстар және т.б.).

Әрі қарай, ақыл-ой дағдыларының деңгейін (Блум таксономиясы бойынша) ескере отырып, тапсырмаларды таңдау / әзірлеу және тапсырмалардың тұжырымдамасын анықтау керек.

Тапсырма сапалы түрде жасалған, егер ол:

- таңдалған оқу мақсатына сәйкес келеді;
- оқыту мақсаттары мен бағалау өлшемшарттарына сәйкес келеді;
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне және ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес келеді;
- түсінікті тұжырымдалған;
- онда нақты кеңестер жоқ.

Ойлау дағдыларының әртүрлі деңгейлеріне сәйкес тапсырмалар мыналарға бағытталуы керек:

- ақпаратты көбейту және түсіндіру (*анықтау, санау, тану, тұжырымдау, көбейту, түрлендіру және т. б.*);
- білімді қолдану (*қолдану, есептеу, өзгерту, жіктеу, түсіндіру, байланыстыру, шешу, пайдалану, көрсету және т. б.*);
- талдау және синтез (*талдау, есептеу, санаттау, жіктеу, салыстыру, байланыстыру, қарама-қарсы қою, талқылау, саралау, ажырату, эксперимент жасау, шығару, тапсырыс беру, бөлу, топтау, біріктіру, құрастыру, орнату, жалпылау, ауыстыру және т. б.*);
- ашық сұрақтарға жауаптар және мәселелерді шешу, білімді интеграциялау және стандартты емес шешімдерді табу, сыни пайымдауларды, дәлелді қорытындыларды тұжырымдау (*дәлелдеу, аргументтеу, саралау, бағалау, рецензиялау, шығару, зерттеу, тәуекелдерді бағалау, ұсыныстар жасау және т.б.*).

Бағалау процесінде мұғалімдерге *интерактивті технологияларды* қолдану, оқушыларды мультимедиялық өнімдерді (*презентация, кесте, сурет, диаграмма, сызба, клип, подкаст, есеп, күнделік, басқатырғыш, карта, коллаж, сауалнама, репортаж, әңгіме, бейне, эссе, салыстыру кестесі, шолу, сайт, тарату парағы, зерттеу және т. б.*) жасауға тарту маңызды. Бағалау процесінде мультимедиялық технологияларды қолдануға арналған отандық және шетелдік қызметтер мен құралдардың мысалдары 2.12-кестеде келтірілген.

2.12-кесте. Формативті бағалауда мультимедиялық технологияларды қолдануға арналған қызметтер мен құралдардың мысалдары

Онлайн-сервистер, құралдар	Сипаттама
Topiq.kz	Интерактивті тапсырмаларды қамтитын электрондық оқулықтардың отандық сервисі және т. б.
www.liveworksheets.com	Интерактивті тапсырмалары бар сервис
app.teachermade.com	Тапсырмаларды құрастыру бойынша сервис
sites.google.com	Бірлескен оқыту ортасын, сайттарды құруға арналған сервис
creately.com	Презентациялар жасау және деректерді

canva.com app.diagrams.net slidesgo.com	визуализациялау сервистері
learningapps.org	Әр түрлі пәндер бойынша интерактивті тесттер құруға арналған сервис
docs.google.com/drawings/	Интерактивті жұмыс парақтарын, схемаларды, диаграммаларды, суреттерді жасауға арналған сервис
docs.google.com	Интерактивті жұмыс парақтарын, кестелерді, «ұйымдастырушыларды», презентацияларды құруға арналған сервис, бірлескен топтық жұмыс үшін орта

Тапсырмаларды құрастыру кезінде білім алушылардың *әртүрлі білім беру мүмкіндіктері мен қажеттіліктерінің болуын ескеру қажет.*

Сараланған тәсілдің басты мақсаты – жеке тұлғаның жеке қабілеттерін

ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру, білім алушының даралығын көру және оны сақтау, оның күшіне сенуге көмектесу, оның максималды дамуын қамтамасыз ету, жеке әлеуетін іске асыру. Тапсырмаларды құрастыру да ерекшелік емес. Осыған байланысты мұғалімдерге білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмалар жасау ұсынылады.

Көп деңгейлі тапсырмалар мыналарды қамтиды:

1. оқу тапсырмаларының мазмұнын саралау (шығармашылық деңгейі, қиындықтар және көлем бойынша);

2. балалардың іс-

әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдерін қолдану (дербестік

Бағалаудағы сараланған тәсілдің артықшылықтары:

- ✓ білім алушылар өздеріне сәйкес келетін тапсырмалардың нұсқаларын таңдайды және жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындауға тырысады;
- ✓ оқушылар өздерін табысты және сенімді сезінеді;
- ✓ сабақта олардың психологиялық жайлылық дәрежесі артады;
- ✓ сараланған (көп деңгейлі) оқыту оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыруға мүмкіндік береді;
- ✓ барлық оқушылардың білім мазмұнын игеруін қамтамасыз етеді;
- ✓ мектепте оқыту сапасы артады

дәрежесі, білім алушыларға көмек көрсету дәрежесі мен сипаты, сондай-ақ оқу іс-әрекеттері бойынша).

2.13-кестеде «Алгебра» пәні бойынша көп деңгейлі тапсырманың мысалы келтірілген.

2.13-кесте. «Алгебра» пәні бойынша көп деңгейлі тапсырмалардың мысалы, 7-сынып, сабақ тақырыбы: «Сызықтық теңдеулер жүйесін шешу»

1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей
<p>Сызықтық функцияны көрсететін формуланы көрсетіңіз:</p> <p>1) $y = 3x^2 - 8$</p> <p>2) $y = \frac{3}{x-8}$</p> <p>3) $y = \frac{3}{x} - 8$</p> <p>4) $y = 3x - 8$</p>	<p>Сызықтық функцияны көрсететін формуланы көрсетіңіз:</p> <p>1) $y = 3x^2 - 8$</p> <p>2) $y = \frac{3}{x-8}$</p> <p>3) $y = \frac{3}{x} - 8$</p> <p>4) $y = 3x - 8$</p> <p>Берілген функцияның графигін сызыңыз</p>	<p>Сызықтық функцияны көрсететін формуланы көрсетіңіз:</p> <p>1) $y = 3x^2 - 8$</p> <p>2) $y = \frac{3}{x-8}$</p> <p>3) $y = \frac{3}{x} - 8$</p> <p>4) $y = 3x - 8$</p> <p>Берілген функцияның графигін сызыңыз. Функцияның мәнін график бойынша анықтаңыз ($x=2$)</p>

Дереккөз: Деңгейлік дифференциацияны жүзеге асырудың тиімді құралдарының бірі ретінде математика сабақтарында көп деңгейлі тапсырмаларды қолдану (Тагизаде А. Р., 2017).

3-қосымшада 2-сыныптың орыс тілі пәні бойынша формативті бағалаудың көп деңгейлі тапсырмаларын әзірлеу бойынша қазақстандық педагогтың мысалы келтірілген.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ БАҒАЛАУ

Бағалауға инклюзивті көзқарас сапалы білім берудің маңызды аспектісі болып табылады. Атап айтқанда, бағалауға инклюзивті көзқарас принципі «әр оқушы өзінің жетістіктері мен прогресін көрсете алуы керек» деп үндейді (*Rochford Review, 2016*).

Инклюзивті тәсілді белсенді енгізу әлемде де, Қазақстанда да ЕББҚ бар балалар санының өсу үрдісімен байланысты. Мәселен, 2016-2021 жылдар аралығында жалпы білім беретін сыныптарда оқитын ЕББҚ бар балалардың саны елде 20,5%-ға өсті³⁷. Тиісінше, мұғалімдер ЕББҚ бар балаларды оқытуда кәсіби құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие болуы керек және олардың физикалық, психоэмоционалды, интеллектуалды немесе басқа ерекшеліктерін ескере отырып, оқушыларды ашық және тиімді бағалауды жүзеге асыру үшін кең педагогикалық құралдарды білуі керек³⁸.

Мектептегі тиімді бағалау әр оқушының бағалау мақсаты туралы нақты түсінікке ие болуынан және оны мұғалім қалай бағалайтынын білуден басталады. Күнделікті формативті бағалау мұғалімге «осы оқушы туралы не білетімізді ескере отырып, оқыту мен дамытудың келесі қадамдары қандай және нәтижесінде оқытуды қалай бейімдеуге болады?» деген сұраққа жауап беруге мүмкіндік береді.

Мұғалімдер, педагог-ассистент / мамандар және мектеп басшылары әріптестеріне бағалау шеңберінде *бірқатар формативті стратегияларды қолдануға* қолдау көрсете алады, мысалы:

- ✓ фото, бейне және аудио материалдарды қоса алғанда, формативті бағалау үшін пайдаланылатын еске түсіру құралдарының барлық спектрін қарастыру;

- ✓ сөйлеу қиын болуы мүмкін білім алушыларға тиісті ауызша кері байланыс беру;

- ✓ оқушы жазбаша түсініктемелерді оқи алмайтын жұмысты «белгілеудің» ең тиімді әдісін қарастыру;

- ✓ оқушыларға құрдастарының өзін-өзі бағалау және өзара бағалау дағдыларын үйрету;

³⁷ Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы Ұлттық баяндама (Тәуелсіздіктің 30 жылы және 2021 жыл ішінде). - Астана қ.: Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, "Ақпараттық-талдау орталығы" АҚ, 2022. – 325 бет.

³⁸ Оқушылардың оқу жетістіктерін өлшемшартты бағалаудың қолданыстағы жүйесін зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық есеп-Астана қаласы: Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, Астана, 2023. – 163 бет.

✓ білім алушыларға өздері қалаған қарым-қатынас формасы, мысалы, белгілер, таңбалар арқылы өз ойларымен, идеяларымен және көзқарастарымен бөлісуге мүмкіндік беру³⁹.

Мұғалім ЕББҚ бар көптеген оқушылар үшін оқуға жұмсалатын күш-жігер маңызды екенін есте ұстауы керек және тиісті сенімдерін сақтай отыра, кез келген бағалау мұны мойындауы тиіс.

ЕББҚ бар оқушыларды жиынтық бағалау оның өзіндік ерекшеліктері де бар. Көптеген мектептер оқушыларды оқу жылының соңындағы мақсаттарға немесе жас күтулеріне сәйкес бағалайды. Бұл тәсілді қолдана отырып, когнитивтік қиындықтары бар кейбір оқушылар мектептегі бүкіл өмірін жыл соңындағы мақсаттарға «жұмыс істеуге» жұмсауы мүмкін және жас ерекшеліктеріне байланысты белгілі бір дәрежеге жете алмаса да, біраз уақыт өте келе өзіндік жетістіктерге қол жеткізеді. (*Thygesen and Eggen, 2015*). Сондықтан жеке оқу жылдамдығын, әсіресе ЕББҚ бар балалар арасында ескеру маңызды.

Мектеп басшылары олардың мектебінде *білім алушылардың үлгерімін бақылау жүйесі мұғалімдерге барлық оқушылардың үлгерімін олардың жеке бастапқы нүктелерінен бақылауға мүмкіндік беруін қамтамасыз етуі керек*, олар қазіргі уақытта қай кезеңде болса да.

Мұғалімдер қандай да бір қорытынды баға қойғанда немесе стандартталған емтихан/бағалау уақыты жақындағанда, ЕББҚ бар оқушылар үшін мыналарды ескеру маңызды:

- ✓ Оқушыға осындай баға алу орынды ма?
- ✓ Оқушыны қолдау үшін оқу процесіне қандай ақылға қонымды түзетулер енгізуге болады, мысалы, қосымша сабақтар?
- ✓ Оқушы бағалауға қол жеткізе алуы үшін ресми іс-шараларды педагог-ассистент / маман арқылы өткізу керек пе? Оларға, мысалы, бейімделген жазбаша, аудио немесе бейне материалдар қажет пе?
- ✓ Оқушыларға және олардың ата-аналарына оқуға қолжетімділік қажеттіліктерін / талаптарын жеткізудің ең жақсы жолы қандай? (*Carter, 2021*).

ЕББҚ бар оқушыларды бағалау үшін мектептің қандай жүйелерін, тәсілдерін немесе құралдарын қолдануды шешсе де, олар тек мұғалім

³⁹Assessment within special educational needs and disability (2019), Optimus Education (conference resources): https://my.optimus-education.com/sites/default/files/assessing_progress_of_pupils_with_send.pdf

үшін ғана емес, ең бастысы ата-аналар мен оқушылардың өздері үшін де орынды және мағыналы болуы керек.

Бағалаудың маңызды мақсаттарының бірі – *прогресті атап өтіп, баламен және оның ата-анасымен жетістіктермен бөлісу*. Инклюзивті мектептер отбасыларды бағалау процесіне қаншалықты тиімді тартатынын және олар бөлісетін ақпараттың қаншалықты анық екенін ескереді.

Мысалы, тұлғаға бағытталған талдау оқушының тарихын айту үшін бағалау ақпаратының барлық спектрін біріктіруге мүмкіндік береді. Мұнда оқушы, отбасы және мұғалімдер оқушылардың прогресті тексеру процесіне және келесі қадамдарды анықтау процесіне өз үлестерін қосады, сонымен бірге оқушының толық бейнесін көрсете алады және оқушының мотивациясын жалғастырады (*Atkinson, 2022*). Бұл бағалаудың шынайы инклюзивті тәсілін көрсетеді.

Төменде ЕББҚ бар оқушыларға арналған тапсырмаларды бейімдеудің шетелдік мысалы келтірілген (2.14-кесте).

2.14-кесте. ЕББҚ бар оқушыларға арналған тапсырмаларды бейімдеу мысалдары (АҚШ)

1 мысал. Ауызша немесе жазбаша сөйлеу мүмкіндігі шектеулі оқушы рефлексияны қамтитын тәжірибелерде қиындықтарға тап болуы мүмкін. Жазуда қиындықтары бар оқушымен жұмыс істейтін мұғалім бұл оқушыға рефлексия күнделігін жүргізу қиынға соғатынын байқайды, сондықтан ол сөйлемдердің басталуын негіз ретінде ұсынады. Мысалы, «сіз ризашылық білдіретін үш нәрсені және не үшін екенін жазыңыз» дегеннің орнына мұғалім оқушыға алдын-ала басып шығарылған кеңес береді: «Мен _____ үшін ризамын, өйткені _____». Мұғалім кейде оқушыға ризашылық білдіретін нәрсенің суретін салуға немесе құрдасына айтуға мүмкіндік береді.

2 мысал. Мұғалім бүкіл сыныпқа кітап оқуға мүмкіндік береді және оқушылардан мәтінге әлеуметтік тұрғыдан жауап беруін сұрайды; әрі қарай, жанашырлықтың терең әлеуметтік-эмоционалды тұжырымдамасын үйрету үшін кейіпкерлерді талдауды қолдану жоспарлануда. Таңдалған мәтін оның оқушыларының бірінің оқу деңгейінен асып түседі. Мұғалім тапсырманы орындамас бұрын оқушымен кеңеседі және оқушыға бірнеше нұсқаны беру арқылы мәселені бірлесіп шешеді, соның ішінде: 1) оқушыға сыныпта талқылау алдында кітаптің аудио нұсқасын тыңдауға мүмкіндік береді, 2) оқушы оны маманмен немесе ассистент-мұғаліммен алдын ала оқи алатындай етіп мәтінді алдын ала таңдайды, немесе 3) балама мәтінді таңдау.

3 мысал. Мұғалім таңертеңгі сабақты үйірме түрінде өткізеді, онда білім алушылар тапсырма бойынша миға шабуыл жасайды. Ауызша сөйлеуде қиындықтарға тап болған оқушы анықтамаға «дайындықты» қажет етеді (яғни, өз ойларымен бөліспес бұрын қосымша «ойлау уақыты»). Осыны ескере отырып, мұғалім жазбаша шақыруды таңертеңгі үйірменің алдындағы тақтаға орналастырады, содан кейін оқушымен тез сөйлесіп, оны ойлауға итермелейді. Сондай-ақ, оқушы «тығырыққа» тірелмеуі үшін сабақты бастамас бұрын жазбаша жауабы бар «бақылау картасы» өзінде болады.

Дереккөз: Students with Learning Differences (2022). <https://ggie.berkeley.edu/adapting-practices-for-students-with-special-needs/>

Жоғарыда келтірілген мысалдар оқу тапсырмаларының бейімделуі белгілі бір оқушының жеке ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі болуы мүмкін екенін айқын көрсетеді⁴⁰.

Аға буын оқушылары үшін әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды бейімдеуге де болады. Төменде «Химия» пәні бойынша сараланған тәсілді ескере отырып, тапсырмаларды құрастырудың мысалы келтірілген (*әзірлеудің авторы – Демин И.С., химия пәнінің мұғалімі, «Рудный қаласының білім бөлімінің №10 мектеп-гимназиясы» КММ*).

I. Базалық деңгейі бар білім алушылар үшін

Металл емес және металл қасиеттерінің қалай өзгеретінін, атомның радиусын, энергия деңгейлерінің санын, сыртқы деңгейдегі электрондар санын мысалға жазыңыз:

Al → Si → P → S → Cl

N → P → As → Sb → Bi

II. Жоғары деңгейдегі білім алушылар үшін

Артық сипаттамаларды анықтаңыз және таңдауыңызды түсіндіріңіз?

3 кезең, 5 топ, 3 электрон сыртқы деңгейде, кіші, негізгі кіші топ, металл емес, металл.

Кезең, металл емес, топ, кіші топ, қатар, металл, реттік сан, салыстырмалы атомдық масса.

III. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін

⁴⁰ Сушенцева Е. М., бастауыш сынып мұғалімі. "ЕББҚ бар білім алушылар үшін оқу тапсырмаларын бейімдеу тәсілдері" (2022)

Жетіспейтін сөзді қосыңыз:

_____ олардың атомдық массаларының өсуіне сәйкес орналасқан химиялық элементтердің көлденең қатарлары деп аталады.

Кезеңдер _____ басталады және инертті газдармен аяқталады.

Химиялық элементтердің және олар түзетін қарапайым және күрделі заттардың қасиеттері олардың _____ атом ядроларының мөлшеріне мезгіл-мезгіл тәуелді болады.

_____ деп қасиеттеріне ұқсас және атомдық массалардың өсуіне сәйкес орналасқан элементтердің тік қатарларын атайды.

Кезеңдер кіші және _____ болып бөлінеді.

Кезеңдік жүйеде 8 топ бар, олардың әрқайсысы екі кіші топтан тұрады: _____ және бүйірлік.

Түйін сөздер: кезең, сілтілі металл, заряд, топ, үлкен, үй.

4-қосымшада сараланған тапсырмалармен көбірек мысалдар келтірілген. Сонымен қатар, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш мектептің оқу пәндері бойынша, сондай-ақ 5-9 сыныптардың ҚҒБ және ЖМБ пәндері бойынша ТЖБ және БЖБ сараланған тапсырмаларын жасау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді^{41,42,43}.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ЖӘНЕ ӨЗАРА БАҒАЛАУЫ

Жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру үшін балалардың өз іс-әрекеттерін, көзқарастарын, қасиеттерін, қызметін көру және дұрыс бағалау қабілетін дамыту қажет, бұл олардың мүмкіндіктерін барынша іске асыру үшін шешуші мәнге ие⁴⁴. Шетелдік зерттеушілер «білім алушылар – бұл сынып қауымдастығындағы жолаушылар емес,

⁴¹ Инклюзия жағдайында бастауыш мектептің оқу пәндері бойынша ТЖБ және БЖБ сараланған тапсырмаларын жасау бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар-Нұр-сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. - 146 б. URL: <https://uba.edu.kz/ru/metodology/3>

⁴² Инклюзия жағдайында 5-9 сыныптардың қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы оқу пәндері бойынша сараланған ТЖБ және БЖБ құрастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар-Нұр-сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. - 144 б. URL: <https://uba.edu.kz/ru/metodology/3>

⁴³ Инклюзия жағдайында 5-9 сыныптардың жаратылыстану-математикалық бағыттағы оқу пәндері бойынша ТЖБ және БЖБ сараланған тапсырмаларын жасау бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар-Нұр-сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. - 144 б. URL: <https://uba.edu.kz/ru/metodology/3>

⁴⁴ «Бастауыш сынып оқушыларының қызметін өзара бағалау және өзін-өзі бағалау» (2019), Е.В. Чекунова, бастауыш сынып мұғалімі, Туринск қаласының №1 жалпы білім беретін орта мектебі муниципалды автономды жалпы білім беру мекемесі, Ресей.

команда» деп атап көрсетеді (Watkins, 2005). Сондықтан маңызды сұрақ мынада: «білім алушылар өздерін оқытудың қозғаушы күші ретінде қарастыруға, өз сұрақтарын, стратегиялары мен түсіндірмелерін ұсынуға, өз міндеттеріңізді таңдау, өлшемшарттарыңызды әзірлеу және прогресті бағалау шақырыла ма?» (Watkins, 2017).

Brew (1999) типологиясына сүйене отырып, Falchikov (2005) білім алушылардың бағалау процесіне қатысуының үш деңгейін жіктеді (2.15-кесте).

2.15-кесте. Білім алушылардың бағалауға қатысу деңгейлері

Деңгей	Негізгі аспект	Демонстрация
1	Білім, үлгерім немесе оқу дағдыларының деңгейін тексеру	Білім алушылар үлгілік жауаптарды, бағалау схемаларын, рейтингтік шкалаларды және мұғалім ұсынған басқа да өлшемдерді пайдаланады
2	Бағалау өлшемшарттарын талқылау және келісу	Оқушылар олардың жұмысын бағалау үшін қолданатын өлшемшарттарды келісуге және талқылауға қатысады
3	Білім алушылардың шешім қабылдауы (яғни бағалау кезінде оқушылардың таңдауы)	Білім алушылар шешім қабылдауға құқылы (мысалы, критерийлерді таңдау, өлшеу және бағалау)

Дереккөз: Boud D., Falchikov N. Developing assessment for informing judgement //Rethinking assessment in higher education: Learning for the longer term. – 2007. – Т. 14. – №. 4. – С. 181-197.

Оның әрі қарайғы зерттеулері білім алушылардың бағалау процесіне қатысуының ең тиімді деңгейі оқушылардың бағалау өлшемшарттарын анықтауға белсенді қатысатын, өз жетістіктері туралы деректерді жинайтын және талдайтын және өзін-өзі бағалауды үйренетін деңгей екенін көрсетті. Бұл деңгейде білім алушылар метакогнитивті (өзінің танымдық

Мұғалімдерге арналған сұрақтар

- Сіздің оқушыларыңыз барлық үш деңгейде тиісті бағалау әдістеріне қалай жауап береді?
- Сіз оқытатын сыныптарда өзін-өзі және өзара бағалаудың қай деңгейі жиі кездеседі? Мұның себептері қандай?
- Бағалау практикасында білім алушылардың мүмкіндіктерін одан әрі кеңейтуге қандай факторлар кедергі келтіреді?
- Оқушыларды бағалау процесіне одан әрі тарту үшін қандай жағдайлар жасау керек? Сізге қандай ресурстар қажет?

қызметін басқару қабілеті) бақылау және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытады, бұл тереңірек және саналы оқуға ықпал етеді⁴⁵.

Білім алушылардың өзін-өзі және өзара бағалауы «оқыту үшін бағалаудың» (формативті бағалау) маңызды аспектісі болып табылады:

- *өзін-өзі бағалау* оқушылардың оқу мақсатына байланысты бағалау өлшемшарттарын қолдануды, олардың күш-жігері туралы ойлауды, прогресті анықтауды және өз жұмысының «сапасын» түзетуді қамтиды;

- *өзара бағалау* білім алушылар өз құрдастарының жұмысын оқу мақсатына байланысты бағалау өлшемшарттарына сәйкес бағалайды және сындарлы кері байланыс береді деп болжайды⁴⁶.

Өзін-өзі бағалау-бұл оқушылардың оқу тиімділігін арттырудың тиімді тәсілі болып табылады. Балаларға өз жұмысын және құрдастарының жұмысын қалай бағалау керектігін нақты үйретудің көптеген артықшылықтары бар. Бұл білім алушының өзінің оқу деңгейін түсінуіне ықпал етеді және оқушыларды өз бетінше білім алушыларға айналуға ынталандыру арқылы өз күш-жігерін сыни тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді.

Мағыналы өзін-өзі бағалау және өзара бағалау білім алушылардың оқуы мен жетістіктеріне оң үлес қоса алады. Нәтижесінде оқушы өзін-өзі шағылыстыратын және тәуелсіз болады («autonomous learner») (2.6-сурет).

2.6-сурет. Оқу үшін бағалау «кезеңдері»



Дереккөз: NSW Government website Education. Teacher Standards and Accreditation: Aspects of Assessment: <https://education.nsw.gov.au/teaching-and-learning/professional-learning/teacher-quality-and-accreditation/strong-start-great-teachers/refining-practice/aspects-of-assessment>

⁴⁵ Boud D., Falchikov N. (ed.). Rethinking assessment in higher education: Learning for the longer term. – Routledge, 2007

⁴⁶ NSW Government website Education. Teacher Standards and Accreditation: Peer and self-assessment for students

Мұғалімдер оқушыларға *өзін-өзі бағалауды* тиімді жүргізуге үйреткен кезде, оқушылар өз оқуын өз бетінше басқаруға мүмкіндік алады. Бұл дағды ересек кәсіби өмірде де өзекті. Әдетте, құрдастардың бағалауы (өзара бағалау) өзін-өзі бағалаудан бұрын болады, дегенмен кейбір оқушылар осы екі процеске бір уақытта қатыса алады. Өзара бағалау сияқты, өзін-өзі бағалау уақыт пен тәжірибені қажет етеді және мұғалімдер сыныпта өзін-өзі бағалауды қалай жүргізу керектігін егжей-тегжейлі жоспарлап, модельдеуі керек.

Өзін – өзі және өзара бағалаудың артықшылықтары

- ✓ Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау оқушыларға құрдастарының және өздерінің жұмысын сыни тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді;
- ✓ Өзара бағалау кезінде топтағы және жалпы сыныптағы оқушылар сыныптастарының бір-бірін бағалайтынын біле отырып, жұмыс жүктемесінің үлесі үшін жеке жауапкершілікті көбірек біледі;
- ✓ Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау өзін-өзі рефлексия дағдыларын дамытуға ықпал етеді;
- ✓ Өзіндік және өзара бағалау деректері қорытынды бағаларды есептеу кезінде пайдаланылуы мүмкін. Бұл топтың немесе әрбір жеке оқушының қорытынды бағасының объективтілігін арттыруға көмектеседі

Өзара бағалау оқушылар критерийлер жиынтығына сәйкес бір-бірінің жұмысын бағалайды және кері байланыс бойынша ұсыныстар береді деп болжайды. Төменде өзін-өзі және өзара бағалауды тиімді ұйымдастыруды қолдау бойынша мұғалімдерге арналған 2.16-кесте ұсынылған.

2.16-кесте. Мұғалімдерге өзін-өзі тиімді және өзара бағалауды ұйымдастыруды қолдау бойынша ұсыныстар

Өзін-өзі бағалау	Өзара бағалау
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Білім алушыларға оқу процесінің барлық кезеңдерінде өзін-өзі бағалауға мүмкіндік беріңіз; ✓ Өзін-өзі бағалауды «өздігінен» әрекеттен гөрі, білім алушылар оқу кезінде және одан кейін не істейтінінің тұрақты бөлігіне айналдырыңыз; ✓ Білім алушылардың өзін-өзі бағалау дұрыс немесе бұрыс емес, оқуға 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Өзара бағалауды ауызша немесе жазбаша пікірлеріңізбен біріктіріңіз; ✓ Шаблондар, чек-парақтары және рубрикалар сияқты өзара бағалау құралдарын жасаңыз және қолданыңыз; ✓ «Жеке жауапкершіліктен біртіндеп босату моделін» қолданыңыз: басқарылатын бағалаудан бірлескен

<p>және жетілдіруге бағытталғанын түсінетініне көз жеткізіңіз;</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Өзін-өзі бағалауды үйретіңіз, модельдеңіз және қолдаңыз; ✓ Оқушыларға біртіндеп өздерінің оқуы мен ілгерілеуі үшін жауапкершілікті алуға мүмкіндік беретін бірқатар әдістер мен құралдарды қолданыңыз; ✓ Оқушыларға критерийлер, рефлексия және мақсат қою сияқты өзін-өзі бағалаудың «тілін» үйретіңіз; ✓ Оқушылардың ата-аналары сіздің өзін-өзі бағалауды не үшін қолданатындығыңызды және бұл сіз оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың көптеген стратегияларының бірі екенін түсінетініне көз жеткізіңіз 	<p>бағалауға, содан кейін тәуелсіз бағалауға;</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Білім алушылар өзара бағалау кезінде пайдаланатын тиімді кері байланысты қамтамасыз ету үшін кейбір критерийлерді (немесе негізгі ережелерді) әзірлеңіз; ✓ Оқушылар жұмысты тапсырғанға немесе мұғалімнің көмегіне жүгінгенге дейін құрдастарының бағалауы мен кері байланыс орын алатынына көз жеткізіңіз; ✓ Оқушылардың ата-аналары мен қамқоршылары оқушылар арасында неліктен өзара бағалау жүргізіп жатқаныңызды және бұл сіз қолданатын оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың көптеген стратегияларының бірі екенін түсінетініне көз жеткізіңіз
--	--

Дереккөз: NSW Government website Education. Teacher Standards and Accreditation: Peer and self-assessment for students: <https://education.nsw.gov.au/teaching-and-learning/professional-learning/teacher-quality-and-accreditation/strong-start-great-teachers/refining-practice/aspects-of-assessment>

Мұғалім сыныпты өзін-өзі және өзара бағалауға дайындағаннан кейін, оқушылар бағалаудың белсенді қатысушылары бола алатын әртүрлі *әдістерді* қолдана алады. Сонымен, 2.17-кестеде өзін-өзі және өзара бағалаудың танымал әдістері егжей-тегжейлі сипатталған.

2.17-кесте. Мұғалімдер сабақта қолдана алатын өзін-өзі және өзара бағалау әдістері

№	Техниканың атауы	Қолдану жөніндегі нұсқаулық
1	Рубрикалар	<p>Рубрикалар – ақпараттың екі түрін қамтитын бағалау құралы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • тапсырманың маңызды мақсаттарын бағалау өлшемшарттарының тізімі; • әр деңгейді сипаттайтын критерийлердің әрқайсысы бойынша әр түрлі жетістік деңгейлерін бағалауға арналған шәкілі.

		<p>Рубриканы қолдана отырып, оқушылар өз жұмыстарын критерийлермен салыстыра алады және қол жеткізген деңгейлерін бағалай алады. Рубрикалар түпкілікті өнімді бағалауға арналған болса да, егер олар оқушыларға тапсырманы орындаудың басында берілсе, рубрикалар оқушыларға өз жұмысын жоспарлауға, сондай-ақ оны орындау барысында қарап шығуға және түзетуге көмектеседі. Сондай-ақ оқушыларға бейімделуді немесе тіпті өз рубрикаларын құруды ұсынуға болады. Мұғалім өз оқушыларына рубрикаларды қолдануға қолдау көрсетуі керек, өйткені рубрикаларды тек тарату – сәттіліктің кепілі емес</p>
2	Сценарий	<p>Сценарийлер оқушыларға бұл немесе басқа тапсырманы қалай жақсы орындау керектігін үйрету үшін нақты қадамдар тізбегі ретінде құрылымдалған нақты сұрақтардан тұрады. Олар тапсырманы орындаумен бірге жүретін «өз-өзімен сөйлесу» туралы егжей-тегжейлі баяндайды. Оқушыларға тапсырманы орындау барысында сценарийді ұстану пайдалы, бірақ оны түпкілікті нәтижені талдау үшін де қолдануға болады. Сценарий оқушыларға тапсырманы орындау кезінде олардың дұрыс жолда екенін бағалауға көмектеседі және берілген сценарий сұрақтарындағы нұсқауларға сәйкес оқу процесінде олардың әрекеттерін реттеуге көмектеседі. Мұғалім сонымен қатар оқушылардан сценарийлерді орындағаннан кейін өз жұмысын немесе құрдастарының жұмысын талдау үшін пайдалануды сұрауы мүмкін, мысалы, әр қадамның дұрыс орындалғанын тексеру</p>
3	Журналдар / күнделікте р	<p>Оқу журналы – бұл бейресми құжат, онда оқушылар оқудың қалай өтіп жатқаны, қандай көмекке мұқтаж екендігі және әртүрлі оқыту стратегияларының тиімділігі туралы жазбаша түрде айта алады. Мұғалімге өзін-өзі бағалауды қолдау, мақсат қою және олардың ойлауын түсіну (синтез, талдау, бағалау) үшін негізгі сұрақтармен журналға жазылу үшін тұрақты, қысқа уақыт аралықтарын беру ұсынылады. Мысалы, мұғалім оқушылардан күнделіктерінде осындай сұрақтарға жауап беруін сұрай алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бағалау өлшемшарттары бойынша жұмысыңыз туралы ойланыңыз және күнделіктеріңізге жақсы жұмыс жасадыңыз деп ойлайтын бір нәрсені және одан әрі жұмыс істеу керек екі нәрсені жазыңыз; • Әр түрлі стратегиялар қаншалықты жақсы жұмыс істейді? Сіз істеп жатқан нәрсе сізге қалай көмектеседі?

		<ul style="list-style-type: none"> • Осы сабақтан кейін ұзақ уақыт есте сақтайтын бір нәрсе / қорытынды не және неге? • Сіз тапсырманың қандай аспектісін әлі де түсінуге тырысасыз және ол неге болуы мүмкін?
4	Портфолио	<p>Портфолио – бұл білім алушының үйлестірілген жұмыс жинағы, ол оның оқу деңгейін және дағдылары мен құзыреттерін дамытуды көрсетеді. Портфолио оқушыларға өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытуға көмектеседі, мысалы, жазбалар арқылы прогресті түсіну, мүдделер мен күшті жақтарды құжаттау.</p> <p>Мұғалімдерге портфолиосын құруға көмектесетін кейбір әдістерге мыналар жатады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Әр сабақта оқушыларға олардың осы сабақтағы жұмыстарын өз портфолиосына қосу-қоспауды шеше алатынын еске салу; • Оқушылармен күтілетін бағалау нәтижелері мен өлшемшарттарымен бөлісу; • Білім алушылар портфолиосына әр бөлімде/тоқсанда қосуы керек нәрселердің тізімін ұсыну: бір жазбаша жұмыс, бір тапсырма/математика тесті, бір жоба, бір көркем шығарма және т. б.; • Тапсырмаларды орындау туралы фотосуреттер мен бейнежазбалар, интернеттегі іздеу тарихының скриншоттары, жобалық жазбалар және мұғалімнің пікірлері бар есептер сияқты бірқатар мысалдар келтіріңіз. Мұғалім оқушылардан: «сіз білетіндігіңізді көрсету үшін қандай жұмысты таңдайсыз?» немесе ол оқушылардан оқудың әртүрлі кезеңдерін көрсететін жұмыстар жиынтығын жинауды сұрауы мүмкін. <p>Портфолио қағаздан гөрі сандық болуы мүмкін, бұл сақтау мәселелерін және жоғалту немесе бүліну қаупін шешеді.</p>
5	Шығу картасы (exit cards)	<p>Шығу картасы – бұл сабақтың соңында әр оқушыға берілетін шағын карта немесе стикер, онда олар сабақта не үйренгендерін және қосымша көмекке мұқтаж екендіктерін өз бетінше бағалау үшін түсініктеме жазады. Бұл келесі сабақты жоспарлауға көмектеседі. Бұл тапсырманы орындау оқушыға бірнеше минут уақытын алады және оқушылар сыныптан шыққан кезде мұғалімге беріледі.</p> <p>Мұғалім оқушылардан сабақты қорытындылауды сұрауы мүмкін немесе, жалпы сұрақ қоюы мүмкін, мысалы: «Сіз бүгін білген ең маңызды үш ақпарат қандай?». Содан кейін мұғалім бұл жауаптардың сабақтың мақсаттарына қаншалықты сәйкес келетінін тексере алады. Немесе мұғалім сабақ мақсатына</p>

		<p>қатысты сұрақ қоюы мүмкін, мысалы: «Тарихшылар неге тарихи дереккөздердегі біржақтылыққа алаңдайды?». Мұғалім де сұрауы мүмкін: «Сабақ тақырыбы бойынша не үшін көбірек уақыт жұмсауымыз керек деп ойлайсыз?» немесе «Сабақтың тақырыбы бойынша қандай сұрақтарыңыз қалды?»</p> <p>Карталарды алдын-ала басып шығаруға болады, мысалы:</p> <table border="1" data-bbox="539 465 1471 913"> <tr> <td data-bbox="539 465 592 651">3</td> <td data-bbox="592 465 1471 651">Сабақтың ең маңызды үш бөлігі: 1) 2) 3)</td> </tr> <tr> <td data-bbox="539 651 592 797">2</td> <td data-bbox="592 651 1471 797">Маған ең ұнаған сабақтың екі бөлігі: 1) 2)</td> </tr> <tr> <td data-bbox="539 797 592 913">1</td> <td data-bbox="592 797 1471 913">Мен қойғым келетін бір сұрақ: 1)</td> </tr> </table> <p>Сондай-ақ, мұғалім викторина сұрақтарын қолдана отырып, сандық шығыс картасын таңдай алады. Көптеген онлайн қызметтер нәтижелерді автоматты түрде талдайды, бұл сіздің оқушыларыңыздың қалай әрекет еткенін оңай көруге мүмкіндік береді.</p>	3	Сабақтың ең маңызды үш бөлігі: 1) 2) 3)	2	Маған ең ұнаған сабақтың екі бөлігі: 1) 2)	1	Мен қойғым келетін бір сұрақ: 1)
3	Сабақтың ең маңызды үш бөлігі: 1) 2) 3)							
2	Маған ең ұнаған сабақтың екі бөлігі: 1) 2)							
1	Мен қойғым келетін бір сұрақ: 1)							
6	Бағдаршам	<p>Бағдаршам – бұл білім алушылар белгілі бір жұмыс туралы болжамды түсініктерін білдіру үшін қолдана алатын қарапайым жүйе. Бағдаршам белгішесін қолдана отырып, оқушылар өз жұмыстарын жақсы (жасыл), жартылай (сары) немесе әлсіз (қызыл) түсінікке ие екендігіне байланысты жасыл, сары немесе қызыл деп белгілейді. Бұл сабақтың келесі бөлігі үшін оқушылар тобын немесе әрекеттерді анықтау үшін пайдалы болуы мүмкін. Мұғалім жасыл оқушыларды сары оқушылармен байланыстыра алады, ал өзі қызылдармен жұмыс істейді. Немесе оқушылар бағдаршамның түсіне сәйкес келетін келесі сабақты таңдай алады.</p> <p>Мұғалім сонымен қатар білім алушыларға сабақтың мазмұнында бар негізгі ұғымдардың немесе тақырыптардың тізімін бере алады және олардың оқуы нәтижелі (жасыл) деп санайтын және күш-жігерін шоғырландыру қажет (сары немесе қызыл) деп санайтын жерде ойлануын сұрай алады.</p>						
7	Жұптық бағалау	<p>Жұптық бағалау екі білім алушылардың пікір алмасып, бір-бірінің жұмысын бағалаған кезде қолданылады. Бұл рубриканы пайдалануды немесе бағалау өлшемшарттарын бір-бірінің жұмысына қолдануды білдіруі мүмкін. Жұптық өзара бағалау білім алушыларға бағалаушыдан кері байланыс</p>						

		ретінде қандай ақпарат пайдалы екендігі, бағалау критерийлері және олардың нені білдіретіні туралы ойлау арқылы бағалау дағдыларын үйренуге мүмкіндік береді. Бұл талқылаулар жұптасқан немесе жұптық бағалаудан кейін бүкіл сынып арасында жүргізілуі мүмкін. Жұптық бағалау білім алушылардың өзін өзі бағалау дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Оқушыларға құрдастарының бағалауын қолдау үшін сценарийлер мен мысалдар берілуі мүмкін немесе оларға «Екі жұлдыз және бір тілек» (екі оң пікір және бір жақсарту ұсынысы) немесе өлшемшарттарға сәйкес келетін бір нақты нәрсе және бір сұрақ сияқты кері байланыс беру формулалары ұсынылуы мүмкін.
8	Рефлексия	Сабақтың кезеңі, оның мақсаты-білім алушылар алған пікірлерін оқып, пайдалану. Әр оқушыға көптеген құжатталған шолулар қажет болады (өзінен, мұғалімдерінен және құрдастарынан), олар оған жауап бере алады.

Дереккөз: The Education Hub: 8 tools for peer and self-assessment: <https://theeducationhub.org.nz/8-tools-for-peer-and-self-assessment/>

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ҮЛГЕРІМІН ӨЛШЕУ

Оқыту және бағалау әдістерін жетілдіру кезінде мұғалімдер әр оқушыға жеке көзқарасқа назар аударуы керек. Оқушылардың жеке үлгерімін өлшеу мұғалімдерге оқытудың әдістері мен тәсілдерінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл оларға қандай тәсілдер жақсы жұмыс істейтінін және тәжірибелерін жақсарту үшін қай жерде түзетулер қажет екенін анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, білім алушылардың үлгерімін өлшеу оқу материалдары мен әдістемелерін білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді, бұл тиімдірек оқытуға ықпал етеді.

Неліктен оқушылардың үлгерімін өлшеу маңызды?

- ✓ *Оқыту тәсілдерін бағалау:* оқу деңгейін өлшеу сіздің оқыту тәсілдеріңіздің білім алушыларға қаншалықты көмектесетінін түсінуге көмектеседі;
- ✓ *Білімдегі олқылықтарды анықтау:* егер сіздің сыныптағы көптеген оқушылар тақырыпты/бөлімді үйренуде қиындықтарға тап болса, сіз оны білімдегі олқылық ретінде анықтай аласыз;
- ✓ *Білім беру стратегияларын түзету:* білімдегі олқылықты анықтаған кезде, сіз оған назар аударып, оқыту стратегияларыңызды реттей аласыз

Оқушылардың үлгерімін объективті бағалау үшін мұғалім оқушының үлгерімінің қай аспектісін мұқият бақылауды қажет ететінін анықтауы керек.

Оқушының үлгерімін бағалау кезінде мұғалім назар аудара алатын факторлар:

Білім: білім алушылар оқу бағдарламасының пәні/бөлімі бойынша іргелі ақпаратты қаншалықты меңгерген?

Негізгі дағдылар: білім алушылардың оқу бағдарламасын меңгеру үшін қажетті негізгі дағдылары бар ма?

Түсіну: оқушылардың пәннің мәтіні мен материалдарындағы ұғымдарды қаншалықты жақсы түсінеді?⁴⁷

Әдетте, оқушылардың үлгерімін бақылаудың екі түрі бар: трендтерді бақылау және оқушылардың жеке үлгерімін бақылау (2.18-кесте).

2.18-кесте. Білім алушылардың үлгерімін мониторингтеу түрлері

Трендтерді бақылау	Оқушылардың жеке деңгейін емес, үлгінің жалпы жағдайын бақылауды білдіреді. Бұл, мысалы, тоғызыншы сынып оқушыларының жыл сайынғы бақылауы болуы мүмкін, бұл 2023 жылғы тоғызыншы сынып оқушыларының 2022 жылғы тоғызыншы сынып оқушыларымен салыстырғанда бірдей тапсырмаларды қаншалықты жақсы немесе нашар орындағанын көрсетеді. Бұл үлгінің орташа деңгейін бақылау үшін бірнеше ай сайын тексерілетін белгілі бір топтың бақылаулары болуы мүмкін. Мониторингтің бұл түрі жеке деңгейде тактикалық ақпарат бермейді, бірақ жалпы білім беру жүйесінде мектеп, аймақтық, ұлттық деңгейде не болып жатқанын көруге мүмкіндік береді. Ол білім беру саясатында қабылданған шешімдердің оқушылардың нәтижелеріне қалай әсер еткенін көрсетеді. Трендтерді бақылаудың шетелдік мысалы – АҚШ-тың барлық штаттарында екі/төрт жылда бір рет өткізілетін наер (National Assessment of Education Progress) мониторингі. Оның мақсаты – жаратылыстану-ғылыми пәндер, оқу және жазу бойынша төртінші, сегізінші және он екінші сынып оқушыларының оқу жетістіктерінің тенденцияларын
---------------------------	---

⁴⁷ Indeed. How To Measure Student Learning in 5 Steps (Plus Key Tips), Indeed editorial team, 2023

	бақылау. Ол жеке оқушылар мен мектептердің нәтижелері туралы ақпарат бермейді, тек мемлекеттік және штат деңгейде үлкен көрініс береді. Қазақстанда мониторингтің бұл түрі білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингімен (ББЖМ) ұсынылған. ББЖМ 4 және 9 сынып оқушылары арасында өткізіледі.
Жеке прогресті бақылау	Жеке бағалау саласына, яғни әр оқушыны оның даму процесінде тексереді, оның үлгерімін өлшейді және мәселелердің түбірлерін есептейді. Оның нәтижелерін жалпылауға болады сынып/топ деңгейі, сондай-ақ жалпы білім беру жүйесі туралы түсінік беру үрдістерді бақылау. Бұл жағдайда іріктеменің өкілдігі сақталады. Бірақ оқу үлгерімінің жеке деңгейі туралы ақпарат тек бақылаудың осы түрін бере алады. Жеке прогресті бақылаудың мысалы- Нидерландыдағы PMS (Pupil Monitoring System) мониторингі. Оның мақсаты-білім алушылардың педагогтерге білім беру жетістіктерін бағалау. Оның арқасында мұғалім оқушылардың жеке және топтық деңгейде дамуы туралы түсінік алады.

Дереккөз: бейімделген: Бірінші ұлттық психологиялық-педагогикалық институт. "Білім берудегі Прогресс: бұл не және оны қалай өлшеуге болады", Евдышева Е. И., 2022

КЕРІ БАЙЛАНЫС БЕРУ (РУБРИКАЛАР, ЖАЗБАША ЖӘНЕ АУЫЗША ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ Т. Б.)

Білім алушыларды бағалау процесіне қатыстыру тәсілдерінің бірі *кері байланыс* болып табылады. Carless & Boud (2018) анықтамасы бойынша, кері байланыс – бұл «оқушылардың әртүрлі көздерден алынған ақпаратты түсініп, оны өз жұмысын немесе оқу стратегияларын жақсарту үшін пайдалану процесі». Кері байланыс дағдыларын дамыта отырып, оқушылар кері байланысты бағалай алады, өз жұмысы/құрдастарының жұмысы туралы пайымдаулар жасай алады және тиісті шараларды қолдана алады (Carless & Boud, 2018).

Зерттеулер көрсеткендей, тиісті, сындарлы және прогресті бағалауға негізделген кері байланыс тиімді оқыту мен оқудың маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Сонымен, 800-ден астам Hattie (2009) зерттеулерінің мета-талдауы барысында кері байланыс мұғалімдердің оқушылардың оқуын жақсартудағы маңызды тәжірибелерінің бірі болып табылатындығы анықталды. Кері байланыс

білім алушылардың дами алатын және жетілдіре алатын салалар туралы хабардар болуына ықпал етеді, сонымен қатар оларды әрі қарай оқуға ынталандыруы мүмкін.

Уақытылы кері байланыс өнімділікті арттыру үшін когнитивті процестерді қолдай алады, соның ішінде білім алушыларға қосымша ақпарат беру және жақсарту үшін қолдануға болатын бағыттарды және/немесе балама стратегияларды ұсыну. Кері байланыс сонымен қатар оқушыларды өзін-өзі реттейтін оқыту үшін маңызды дағдылар болып табылатын **мақсат қою, тапсырмаларды жоспарлау, бақылау және рефлексия сияқты метакогнитивті стратегияларға** тарта алады. Кері байланыс оқушылардың эмоционалдық процестеріне әсер етуі мүмкін, олардың күш-жігерін, мотивациясын және қатысуын жақсартады (*Ekecrantz, 2015*).

Кері байланысты мұғалімдер оқытуды түзету және әр оқушыны жетілдіруге бағыттау үшін пайдаланады. Бұл процесс мұғалімдерге сыныптағы оқушылардың жетістік деңгейлерінің әртүрлілігі туралы түсінік береді және білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес оқытуды ақпараттандыру және түзету үшін маңызды деректер көзі болып табылады.

Кері байланыс оқушының жұмысының нақты қасиеттеріне назар аудара отырып, оқу процесін, оқушының деңгейін жақсарту үшін оның не істей алатыны туралы нақты нұсқаулармен оның жұмысының нақты қасиеттеріне назар аударған кезде оқу процесін дамытады. Кері байланыс білім алушыға ыңғайлы (нақты және дербестендірілген), ашық, уақтылы, тұрақты және мазмұнды болуы керек. Ол сондай-ақ анық, мақсатты және білім алушылардың бар білімдерімен үйлесімді болуы тиіс, бұл ретте өзін-өзі бағалауға қауіп төндірмейді⁴⁸.

Сындарлы кері байланысты ұйымдастыру үшін мұғалім оқытушыға ақпараттың 3 түрін беруі керек: 1) ол оқытудың қай кезеңінде, 2) нәтижеге қалай жетеді және 3) кемшіліктерді түзету үшін немен жұмыс істеу керек. Білім алушыны бар қателер туралы хабардар ету кезінде қатенің орналасқан жері мен түрін, сондай-ақ оны түзету үшін қажетті әрекеттерді көрсету ұсынылады.

⁴⁸How to integrate effective feedback into your classroom: <https://theeducationhub.org.nz/how-to-integrate-effective-feedback-into-your-classroom/>

Кері байланыстың ең көп таралған түрлері:

- ауызша бағалау (мұғалімнің ауызша кері байланысы);
- жазбаша түсініктемелер (мұғалімнің жазбаша кері байланысы);
- портфолио, журналдар, рубрикалар;
- білім алушылармен жеке әңгімелер және т.б.

Кері байланыс тиімділігі:

- кері байланыс мынадай жағдайларда сындарлы болып табылады: егер ол білім алушының жеке басына емес, жұмыс нәтижелеріне ұсынылады; нақты фактілер мен деректерге негізделген пайдалы ақпаратты қамтиды; қызметтің оң жақтарын сипаттаудан басталады; нақты іс-әрекетке қатысты беріледі.

- кері байланыс конструктивті емес, егер ол тек теріс әрекетті бағалауды (мысалы: «дұрыс емес!»), сондай-ақ біржақтылық, субъективтілік элементтері қамтыса (2.19-кесте).

2.19-кесте. Дұрыс және дұрыс емес кері байланыстың мысалдары

Дұрыс (сипаттамалық) кері байланыс	Қате (бағалау) кері байланыс
<p>- «Бұл шешім дұрыс, өйткені...»;</p> <p>- «Бұл таңдау сәйкес келмейді, өйткені...»</p> <p>- «Жақсы жұмыс! Сенің ойыңша, сен басты кейіпкердің бейнесін сипаттай алдың ба?</p> <p>Оны басқаша сипаттауға тырысшы»</p> <p>(«дұрыс» немесе «дұрыс емес» деген баға беріліп қана қоймай, оқушының қателіктері немесе дұрыс шешімдері егжей-тегжейлі түсіндіріледі)</p>	<p>- «Дұрыс емес!»</p> <p>(кері байланыс нақты ненің дұрыс емес екенін және жұмысты түзету үшін не істеу керектігін түсіндірмейді)</p>
<p>- «Мен сенің жетістіктеріңді көремін: дұрыс жауаптар саны өткен тоқсанға қарағанда жоғары»</p> <p>- «Дұрыс жауап, сен жетістікке жетесің!»</p> <p>(оқушылар бір-бірімен салыстырылмайды, бірақ белгілі бір оқушының жетістіктері оның алдыңғы нәтижелерімен салыстырылады)</p>	<p>- «Сен тағы да сол бір қателікті жібердің!»</p> <p>- «Бұл ешқайда жарамсыз. Сенің мазмұндамаң дұрыс емес, ол шығарманың мазмұнына сәйкес келмейді»</p> <p>(таңбалау, сын айту, оқушының қателіктерін мазақ ету, жалпылау қолайсыз, өйткені оқушының жеке басын емес, нақты жұмыс нәтижелерін бағалау қажет)</p>

Тиімді кері байланыс белгілері:

- мақсатқа бағытталған: оқу мақсаттарымен байланысты және оларды түсінуге ықпал етеді;
- білім алушылардың қажеттіліктеріне, оларға қажетті қолдау деңгейіне сәйкес келеді;
- дәл және сенімді (мұғалімдер мен білім алушылар күтілетін нәтижелерге қол жеткізілді ме, жоқ па, келіседі);
- уақыт бойынша мұқият есептелген: оқушыларға материалды игеруді жақсарту қажет болған кезде беріледі;
- ол күшті және әлсіз жақтарға, білім алушылардың не түсінетінін және не түсінбейтінін анықтауға бағытталған, сондай-ақ білім алушыларға жақсартуға көмектесетін стратегиялармен бірге жүреді;
- дұрыс емес жауаптарға емес, дұрыс жауаптарға баса назар аударады;
- алдыңғы жұмыспен салыстырғанда өзгерістерге (қол жеткізілген прогреске) назар аударады;
- өзін-өзі тиімділікті және өзін-өзі реттеуді арттыруға бағытталған;
- бұл біржақты емес, екі жақты процесс (жазбаша диалог немесе ауызша);
- өзін-өзі бағалаумен және/немесе өзара бағалаумен бірге қолданылады;
- білім алушымен бірлесіп анықтылық, дұрыстылықпен тиімділікке тексеріледі – «бұл кері байланыс көмектеседі ме?»;
- тиімді болып табылады – білім алушыға кері байланысқа жауап беруге және оған сәйкес шаралар қабылдауға уақыт беріледі.

2.20-кестеде канадалық мектептерде тиімді кері байланыс беру кезеңдері көрсетілген, оларды отандық мұғалімдер өз тәжірибелеріне бейімдеп, қолдана алады.

2.20-кесте. Тиімді кері байланыс кезеңдері (Канада)

1. Кіріспе «Feed-up»	Кері байланыс жасамас бұрын, оқушылар оқытудың мақсатын (мақсаттарын) білуі керек. Кіріспе ақпарат оқушыға «мен қайда бара жатырмын?» және «бұл мақсаттар қандай?» деген сұрақтарға жауап беруге көмектеседі. Бұл ақпарат кері байланыс үшін контекст береді
-----------------------------	--

2. Кері байланыс «Feed-back»	Кері байланыстың өзі оқу барысын бақылауға және бағалауға бағытталған. Атап айтқанда, келесі сұрақтарға жауаптар маңызды болып табылады: «қазіргі уақытта білім алушының жағдайы қалай?» және «мақсаттарға жетуде қандай прогреске қол жеткізілді?»
3. Болжам «Feed-forward»	Бұл белгілі бір оқу тапсырмасын жақсарту үшін қажет келесі қадамдарға қатысты. Келесі сұрақтар маңызды болып табылады: келесі қадам қандай, қайда бару керек? Үлкен жетістіктерге жету үшін қандай әрекеттер жасау керек? Мұнда жауаптар мақсаттарды нақтылауға және күрделі міндеттерді іздеуге бағытталады, өйткені олар үлкен жетістіктерге және одан әрі ілгерілеуге әкелуі мүмкін.

Дереккөз: How to integrate effective feedback into your classroom: <https://theeducationhub.org.nz/how-to-integrate-effective-feedback-into-your-classroom/>

Мұғалім тиімді кері байланыс берудің түрлері мен кезеңдерін анықтағаннан кейін, келесі қадам – кері байланыс мазмұнын құрастыру болып табылады. Мәселен, АҚШ мұғалімдері кері байланыс кезінде келесі бағыттарға назар аударады: фокус, салыстыру, функция, мотивация, айқындық, ерекшелік. Бұл ақпаратты қазақстандық педагогтер кері байланыс рәсімін жүргізген кезде бейімдей алады (2.21-кесте).

2.21-кесте. Тиімді кері байланыс мазмұны (АҚШ)

Кері байланыс мазмұны келесі факторларға байланысты өзгеруі мүмкін	Төмендегілерге негізделген:	Тиімді кері байланыс үшін ұсыныстар
Фокус	<ul style="list-style-type: none"> - тікелей оқушының жұмысына (тапсырма); - тапсырманы орындау кезінде оқушы қолданатын әдістерге; - білім алушының өзін-өзі реттеу және өзін-өзі 	<ul style="list-style-type: none"> • Мүмкіндігінше оқушының жұмысын да, оны орындау процесін де сипаттаңыз, сонымен қатар олардың байланысын баса көрсетіңіз; • Егер бұл түсініктеме оқушыны ынталандыратын болса,

	<p>ұйымдастыру дағдыларына;</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқушының жеке басына (мінезі мен темпераментінің ерекшеліктері) 	<p>оқушының өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларына түсініктеме беріңіз;</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оқушының жеке басы туралы түсініктеме беруден аулақ болыңыз
Салыстыру	<ul style="list-style-type: none"> - бағалау өлшемшарттарына (идеалды жұмыспен салыстыру); - құрдастарының жұмыстарымен салыстыруына (ұқсас қателіктер мен қиындықтарды ескеру); - білім алушының өткен жұмыстарымен салыстыруына (жеке прогресс) 	<ul style="list-style-type: none"> • Жұмыстың өзі туралы ақпарат беру үшін өлшемшарттарға негізделген кері байланысты пайдаланыңыз; • Оқушылардың мақсаттан қаншалықты алыс екенін емес, олардың қол жеткізіп жатқан жетістіктерін көруге аса назар аударып, жеке кері байланысты пайдаланыңыз.
Функциялар	<ul style="list-style-type: none"> - сипаттама - пайымдау 	<ul style="list-style-type: none"> • Сипаттаңыз • Айыптамаңыз
Мотивация	<ul style="list-style-type: none"> - оң - теріс 	<ul style="list-style-type: none"> • Жақсы жасалған нәрсені сипаттайтын оң пікірлерді қолданыңыз; • Жұмысты қалай жақсартуға болатындығы туралы жағымды ұсыныстармен жұмыстың жағымсыз сипаттамаларымен сүйемелдеңіз
Айқындық	<ul style="list-style-type: none"> - оқушыларға түсінікті - оқушыларға түсініксіз 	<ul style="list-style-type: none"> • Білім алушыға түсінікті болатын лексика мен терминдерді қолданыңыз; • Кері байланыс көлемі мен мазмұнын оқушының үлгерімі мен прогресс деңгейіне бейімдеңіз
Ерекшеліктер	<ul style="list-style-type: none"> - тым егжей-тегжейлі; - оңтайлы; - тым жалпылама 	<ul style="list-style-type: none"> • Ерекшелік дәрежесін оқушыға және тапсырмаларға бейімдеңіз; • Кері байланысты білім алушылар не істеу керектігін білуі үшін жеткілікті нақты етіп жасаңыз, бірақ олар үшін соншалықты нақты емес; • Қателерді немесе олардың түрлерін анықтаңыз, бірақ бәрін

		қатарынан түзетуден аулақ болыңыз (мысалы, дұрыс жауаптарды көшіру немесе беру), бұл білім алушыларға таңдау қалдырмайды
--	--	--

Дереккөз: Brookhart, Susan M. How to give effective feedback to your students: <https://perino.pbworks.com/f/Effective+Feedback.pdf>

Кері байланыс оқу процесіне оң әсер етуі үшін ол сындарлы болуы қажет. *Сындарлы кері байланыстың мақсаты – оқушылардың үлгеріміне әсер ету* және өсу көзқарасын дамытуға көмектесу, жақсарту үшін не істеу керектігін түсінуге көмектесу. Басқаша айтқанда, ол білім алушыларға олардың күш-жігерінің ақталатынын және тұрақты күш-жігермен жақсарта алатынын көруге көмектесе алады. Сонымен қатар, сындарлы кері байланыс оқушыларға қолдауды сезінуге және аянбай жұмыс істеуге, ынталандыруға көмектеседі. Бұл мұғалімдердің олардың өсуіне және табысқа жету қабілетіне сенетінін және қиын жолда оларға көмектесуге дайын екенін көрсетеді⁴⁹.

Кері байланыс беру және алу оқу процесінің маңызды бөлігі болып табылады. Кері байланыс шеңберіндегі барлық пікірлер жұмысты бағалап қана қоймай, сонымен қатар білім алушылар өздерінің оқу дағдыларын дамыта алатындай келесі қадамдар бойынша кеңестер беруі керек. Сындарлы кері байланыс беру педагогтер оқушыларға уақыт өте келе үнемі жетілдіруге көмектесе алады.

Төменде Ұлыбританияда қолданылатын сындарлы кері байланыс нұсқалары берілген (2.22-кесте).

